



ӨНЕРДІҢ БИІК ӨЛШЕМІ

6-БЕТ



БАЛАЛАР КОНТЕНТІ: «Жаңа дәуірдің» басында тұрмыз

9-БЕТ



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетені алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



ЧЕМПИОН РУХТЫ ШАҒАР

Алматы Спорт күнін айрықша атап өтті

Алматыда өзен жағалауы мен саябақтарда жүгіріп, тауға апаратын көшелерде велосипед айдап, жасыл желектің үстінде топтық жаттығу жасап адамдарды көру таңсық емес. Себебі, қала халқының басым бөлігі салауатты өмір салтына бет бұрған. Оған тиісті инфрақұрылымның дамуы да оң әсер етіп келеді. Сондықтан алматылықтар Спорт күнін ерекше ықыласпен атап өтті.

Мегаполисте айтулы күнге арналған ауқымды іс-шаралар бағдарламасы өтті. Ұлттық спорт түрлері, халықаралық жарыстар, бұқаралық сайыстар мен қаланың әр алаңында ұйымдастырылған отбасылық іс-шаралар мыңдаған қатысушы мен көрерменнің басын қосты. Спорт басқармасының мәліметінше, мегаполисте басты оқиғалардың бірі ұлттық спорт түрі – бәйгеден өткен TOP BAIGE

CUP – 2026 жарысы болды. Бәйгеге 110 ат қатысты. Шабандоздар құнан бәйге, жорға бәйге және топ бәйге бойынша сынға түсті. Жарысты 3 мыңнан астам көрермен тамашалады.

Сонымен қатар, отбасылық денсаулық және спорт фестивалі аясында ауқымды бағдарлама ұйымдастырылды. Екі күн бойы іс-шаралар түнгі бағдарламаны қоса алғанда, үзіліссіз форматта өтті. 14 тақырыптық алаңда қол күрес, бодибилдинг, жатып сығымдау, бицепске көтеру, стронгмен, зумба және басқа да спорттық-сауықтыру бағыттары ұсынылды. Екі күн ішінде фестивальге 3 мыңнан астам адам қатысты.

Халықаралық жарыстардың бірі Gran Fondo World Championship болды. Веложарысқа әлемнің 20-дан астам елінен 1 мыңнан астам әуесқой спортшы қатысты. Қатысушылар 95, 50 және 37 шақырымдық қашықтықтарда сынға түсті. Сондай-ақ, Алматы әуесқойлар мен ардагерлер арасындағы әлем чемпионатының іріктеу кезеңін қабылдап, бір бағытта әртүрлі жас-

тағы және дайындық деңгейіндегі велоспортшылардың басын қосты.

Баскетбол бағдарламасы да тартысты өтті. JUMP 3x3 турниріне Қазақстан мен ТМД елдерінен 101 команда – 400-ден астам баскетболшы қатысты. Екі күн ішінде іс-шараны 5 мыңға жуық адам тамашалады. Тағы бір жарқын оқиға – Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында өткен Media Basket Almaty турнирі. Оған спортшыларды, өнерпаздарды, блогерлер мен пікір көшбасшыларын біріктірген сегіз медиа-команда қатысты. Спорт күніне арналған бағдарлама әлі аяқталған жоқ. Алматыда Roland Garros Juniors халықаралық жасөспірімдер теннис турнирі басталды және 22 тамызға дейін жалғасады.

– Мұндай іс-шараларды өткізу бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын дәріптеуге және әр жастағы қала тұрғындарын белсенді демалысқа тартуға бағытталған, – деді қалалық Спорт басқармасының өкілдері.


Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

Сайлаушылар қандай маңызды ақпаратты білуі тиіс?

Құрылтай сайлауына бір аптадан да аз уақыт қалды. Бұл бір палаталы парламентке көшу жағдайындағы алғашқы сайлау. Сайлау науқанының ұйымдастырылуы, дауыс беру тәртібі мен оның ашық өтуін қамтамасыз етуге Орталық сайлау комиссиясы жауап береді. ОСК сайлау учаскелерінің дайындығын үйлестіріп, партиялық тізімдерді тіркеуден бастап сайлау қорытындысын шығаруға дейінгі процесті ұйымдастырады. Сондықтан сайлауды ұйымдастыру мен өткізу жауапкершілікті талап етеді.



Бәсекелі саяси дода

23 тамызға белгіленген Құрылтай депутаттарының сайлауы партиялық тізімдер бойынша өткізілетіні көпшілікке мәлім. Қазіргі кезеңде сайлауға жеті саяси партия қатысып отыр. 23 шілдедегі мәлімет бойынша осы партиялардың тізімдеріне барлығы 545 кандидат енгізілген. Құрылтайдағы депутаттық мандаттардың жалпы саны – 145. Демек, болашақ заң шығарушы органдағы әр орынға 3,7 үміткер бәсекеге түседі деген сөз. Бұл саяси доданың жоғары бәсекелестік деңгейінде өтетінін көрсетеді.

Бюллетеньдегі партиялардың орналасу реті жеребе арқылы анықталды. Олардың қатарында «Әділет», Жалпыұлттық социал-демократиялық партия, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, «Қазақстан Халық партиясы», «Ауыл», «Ақ жол» және «Respublica» партиялары бар.

Партиялық тізімдерді қалыптастыру кезінде әйелдер, жастар және мүгедектігі бар азаматтардың өкілдігіне қатысты заңнамада белгіленген талаптар ескерілген. ОСК мәліметінше, барлық партия бұл талаптарды сақтаған.

ОСК қандай жұмыс атқарады?

Сайлау процесін ұйымдастыруда негізгі рөл Орталық сайлау комиссиясына тиесілі. ОСК осы уақытқа дейін ағымдағы сайлау науқанының негізгі кезеңдерін белгілеп, партиялардың сайлауға қатысуына байланысты құжаттарды қарады және партиялық тізімдерді тіркеді. Сонымен қатар, аумақтық сайлау комиссияларының жұмысын үйлестіріп, сайлау учаскелерінің дайындық барысын ұйымдастыруда.

Бұдан бөлек, сайлау науқаны барысында ОСК мүшелері өңірлерге барып, сайлау учаскелерінің дайындығын тексеруде. Комиссия мүшелеріне дауыс беру рәсімдері, сайлау құжаттарын рәсімдеу, бақылаушылармен жұмыс істеу және азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту семинарлары өткізілуде.

Сайлаушылар тізімдерін қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлінді. Азаматтарға өздерінің сайлаушылар тізіміне енгізілгенін алдын ала тексеруге мүмкіндік қарастырылған. Сайлаушылар EGOV, екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларынан өз учаскелерін көре алады. Бұл дауыс беру күні туындауы мүмкін техникалық мәселелердің алдын алуға бағытталған.

Бұдан бөлек, ОСК сайлау учаскелерінде қажетті жабдықтардың болуын, сайлау құжаттарының әзірлігін, ақпараттық материалдардың орналастырылуын және азаматтарға дауыс беруге қажетті жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етуге назар аударылып, комиссия мүшелеріне тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Үдерістің ашықтығы

Орталық сайлау комиссиясының негізгі міндеттерінің бірі сайлаудың ашық өтуін қамтамасыз ету болып саналады. Сайлау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін оған саяси партиялардың сенім білдірген адамдары, байқаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және халықаралық байқаушылар қатыса алады. Бұл дауыс беру мен дауыстарды санау рәсімдеріне қоғамдық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

Сайлау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуде ақпаратқа қолжетімділік те маңызды рөл атқарады. Сайлау науқаны барысында Орталық сайлау комиссиясы қабылданған шешімдер, сайлау кезеңдерінің барысы, партиялық тізімдердің тіркелуі, сайлау учаскелерінің дайындығы және дауыс беру тәртібі туралы ақпаратты жариялап отырады. Бұл азаматтарға сайлау үдерісінің әр кезеңін бақылауға және ресми ақпаратқа сүйеніп, өз таңдауын жасауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, ОСК-ның міндеті азаматтарға «кімге дауыс беру керегін» анықтау емес, олардың өз таңдауын заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруына қажетті жағдай жасау. Комиссияның негізгі қызметтері сайлау үдерісін ұйымдастыру, оның барлық қатысушылары үшін ортақ ережелердің сақталуын қамтамасыз ету, сайлаушыларды ақпараттандыру және сайлау қорытындыларын заңнамаға сәйкес шығару.

Алғашқы Құрылтай сайлауы Қазақстанның жаңа саяси жүйесінің қалыптасуындағы маңызды кезең саналады. Осы ретте азаматтардың ақпараттандырылған әрі саналы түрде қатысуы сайлау үдерісінің сапалы өтуінің негізгі факторларының екенін атап өткен жөн. Сондықтан сайлауға қатысты нақты ақпаратты Орталық сайлау комиссиясының ресми ресурстарынан алған дұрыс.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Ахан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Сенім зор

Құрылтай сайлауы – ел тарихындағы маңызды саяси оқиға болмақ. Қоғамға өз үнін айқын жеткізіп отыратын қала ардагерлері де Құрылтайға сенім білдіріп, бірауыздан қолдап отыр. Әрі не, өмір болған соң, өзгеріс керек. Ал сол өзгерістер әділдік, ашықтық және үкіметтің есеп беруіне деген қоғам сұранысын, азаматтардың шешім қабылдауға қатысып, елімізде демократиялық процестердің одан әрі дамуын көрсетуі керек.

Қоғамда орын алғалы отырған жаңа Құрылтай жәй декларативті ұстаным ғана емес, мемлекеттік саясаттың нақты стратегиялық бағытын айқындайтын маңызды институт. Сондықтан зор сенім күтіп отыруымыз да тектен-тек емес. Өткенде ғана өзіміз қабылдаған конституциялық реформаның түпкі мәні де халықтың мемлекет басқару ісіне қатысу тетіктерін кеңейту болды емес пе? Сонымен қатар, қоғамдық пікірді шешім қабылдау үдерісінің өзегіне айналдыру екенін де жақсы білесіздер.

Ата Заңымызға Халық Кеңесінің мәртебесі халықтың мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган ретінде бекітілді. Яғни Құрылтай мен Халық Кеңесінің жұмысы мазмұндық жақтан үндесіп, бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырады. Осылайша «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толыққанды жүзеге асыра аламыз.

Халық Кеңесі әзірлеген ұсыныстар тек консультативтік форматта ғана емес, заңнама деңгейінде де қаралады. Осылайша Халық Кеңесі ішкі саясаттың басты бағыттары бойынша ұсыныс береді, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге атсалысады. Міне, бұл демократияны қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асырудың айқын көрінісі.



Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫ,
белгілі дінтанушы, теолог:

Жаңа дәуірге қадам жасаймыз

Алдымызда болашағымыз үшін үлкен таңдау тұр. Бұл – тарихымызда тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау.

Жалпы, Қазақстан Республикасының кез келген азаматын болашағымыз үшін, еліміз үшін баршаны бірлікке үндейтін науқанға қатысып, өзінің дауысын беруге шақырамын. Неге? Өйткені, ол – сіздің, біздің, бала-шағамыздың болашағы. Сондықтан мен осы Құрылтаймен іргелі мемлекетіміздің жаңа үні, жаңа дәуірі, жаңа қадамы басталатынына кәміл сенемін.

Өмір – аманат. Сіздердің дауыстарыңыз да – аманат. Сұралатын дүние. Әр азаматтың дауысы маңызды. Сіз керек жансыз! Бәріміз біріміз!



Жанатбек ІШПЕКБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті аппарат басшысы

Ел ертеңіне дауыс берейік!

Санаулы күндерден кейін Құрылтай сайлауы өтеді. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгере» дегендей, бұл сайлау расында да өзгеше мәнге ие. Біріншіден, бұрын елдің заң шығарушы органы қос палаталы болып келген болса, енді бір ғана Құрылтайға бірікпек. Оның үстіне сайлау партиялық тізім арқылы өткелі тұр.

Саяси додадан байқап отырғанымыздай, биыл бәскелес партиялар арасындағы пікірталас та қызу жүріп жатыр. Сол арқылы көпшілік партиялардың сайлауалды бағдарламасын, тіпті ұсынған партиялық тізімдерін бағамдап отыр. Байқасақ, ұсынылып жатқан кандидаттар да мықты мамандар.

Ал енді сайлаушыларға келер болсақ, Ата Заңға сәйкес кәметке толған әрбір азаматтың сайлауға және сайлануға құқығы бар. Қазір ел азаматтарының саяси сауаты да жоғарылаған. Әр партияның үгіт-насихат жұмыстарына қарай дұрыс таңдау жасай алады, әрі таңдау мүмкіндігі де бар. Таңдау бар жерде қоғам алға басатыны белгілі. Дауыс беру әр сайлаушының Ата Заң берген құқығы әрі бұл үлкен жауапкершілік. Сол себепті, барлық отандастарымды қоғам келешегі мен ел ертеңі үшін дауыс беріп, өзіміздің сайлау құқығымызды жүзеге асыруға шақырамын.



КОНФЕРЕНЦИЯ

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

жаңа міндеттерді айқындады

Республика сарайында білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз конференциясы өтті. Кезекті басқосу «Алматы – білім мен инновация орталығы: жаңа халықтық конституция құндылықтары негізінде адами капиталды дамыту» атты тақырыпта өрбіді. Келелі кеңес білім мекемелерінің қол жеткізген жетістіктерін айшықтаған көрмемен басталды. Конференцияға қала әкімі Дархан Сатыбалды да қатысып, маңызды сөз сөйледі.

Шаһар басшысы сөзінде білім саласының қызметкерлерін жаңа оқу жылымен құттықтап, табыс тіледі. Әрі биылғы форум еліміздегі конституциялық жаңғыру үдерісімен сабақтасып, ерекше қоғамдық-саяси мәнге ие болып отырғанына айрықша тоқталды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру арқылы әділетті мемлекеттің және үйлесімді қоғамның негізін қалаймыз» деп баршамызға зор сенім білдірген еді. Ендеше, «Әділетті Қазақстанды» болашақ ұрпаққа аманат ету – сіз бен бізге жүктелген ортақ міндет! Өз құқығын білетін, заңды құрметтейтін, білімді әрі жауапты азамат мектеп қабырғасында қалыптасады, – деді Дархан Амангелдіұлы.

Қала басшысы сондай-ақ, жаңа халықтық Конституциямызда адами капиталды дамыту мемлекетіміздің стратегиялық маңызды бағыты ретінде орныққанын, бұл міндетті жүзеге асыруда білім беру жүйесіне айрықша жауапкершілік жүктеліп отырғанын да баса белгілеп өтті. Әрі Мемлекет басшысының Қазақстанды толық цифр-

лық елге айналдыру сынды маңызды саяси бағытын қолдай отырып, қаламыздың білім беру саласында маңызды жоспарлардың жүзеге асырылып жатқанын да жеткізді.

Айталық, «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығына сәйкес, Алматыда жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізудің 2026–2029 жылдарға арналған өңірлік жоспары әзірленіп, «Almaty Digital Mektebi» бірыңғай қалалық цифрлық платформасын кезең-кезеңмен іске қосу көзделген.

Дархан Сатыбалдының айтуынша, қаладағы барлық мектеп жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген, білім беру үдерісіне қатысатын 200 мыңнан астам адам жасанды интеллект құралдарын пайдаланады. Жаңа оқу жылында педагогтердің AI-құзыреттерін арттыру, 60 пәндік кабинетті жабдықтау және бейінді зертханаларды дамыту жұмыстары жалғасын табады.

Шаһар басшысы жаңа оқу жылы басталғанға дейін қаламызда 8 жаңа мектеп пен 3 жаңа корпус ашылып, 11 950 оқушы орны құрылатынын жеткізді. Сондай-ақ, конференцияда 2026-2027 оқу жылына арналған білім беру жүйесінің негізгі міндеттері айқындалды. Әсіресе, білім сапасын арттыруға, оқушылардың цифрлық құзыретін дамытуға, жасанды интеллектіні енгізуге, сондай-ақ «Адал азамат» және «Заң мен тәртіп» құндылықтарын нығайтуға баса назар аударылды.

Жиында 2027–2030 жылдары сұраныс жоғары педагогикалық мамандықтарға Алматы қаласы әкімінің гранттарын бөлу мәселесі де талқыланды. Бұл бастаманың басты артықшылығы – грант иегерлері оқуын аяқтаған-

нан кейін қала мектептеріне жұмысқа орналасады. Осылайша педагог кадрларының тапшылығын азайтуға мүмкіндік туады.

Алматы білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіштерін сақтап келеді. Қала оқушылары 24 жыл қатарынан еліміздің үздік олимпиадалық командасы атанып отыр. 2026 жылы сегіз оқушы халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпазы және жүлдегері атанды. Педагогтер де жоғары нәтижелер көрсетуде. Алматының жеті мұғалімі «Үздік педагог – 2025» байқауының жеңімпазы атанды. Ал №95 мектеп-лицейінің мұғалімі Татьяна Белоусова Global Teacher Prize нұсқасы бойынша әлемнің үздік 50 педагогының қатарына енді.

Конференция барысында білім саласының үздік өкілдері де марапатталды. Кәсіби шеберлігі, көпжылдық еңбегі және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін педагогтерге Алматы қаласы әкімінің Алғыс хаттары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық наградалары табысталды.

Сондай-ақ, «Алматының ең үздік білім беру ұйымдары» анықталды. Биыл Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия және Алматы технологиялық колледжі үздік білім беру ұйымдары деп танылып, қала әкімінің 68 млн. теңге көлеміндегі грантын жеңіп алды.

Конференция қорытындысында жаңа оқу жылына арналған негізгі міндеттер айқындалды. Олар – оқушылардың білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету, мектеп басшыларының жауапкершілігін күшейту және білім беру ұйымдарына атаулы қолдау көрсету.

Тамыз конференциясы аясында панельдік сессия да өтті. Оған білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің, өңірлік білім басқармаларының, әдістемелік кабинеттердің қызметкерлері және білім беру ұйымдарының басшылары қатысты. Сессияда оқушылардың эмоционалдық интеллектін қалыптастыру, жасөспірімдермен жұмыс барысында сыни ойлауды тиімді қолдану, мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және білім беру процесінде тұлғаны дамытудың басымдықтары талқыланды.

Рая ЕСКЕНДІР.

ТУРИЗМ

«Көкжайлау» шатқалында тау-шаңғы демалыс орнын салу бойынша баспасөз жиыны өтті. Жобаның барысы туралы Kazakh Tourism Development компаниясының атқарушы директоры, Almaty SuperSki жобасының жетекшісі Ержан Еркінбаев баяндап, БАҚ өкілдерінің сұрағына жауап берді.

Оның айтуынша, Көкжайлау аумағында коттедждер мен виллалар салынбайды. Аумақ Іле Алатауы ұлттық паркінің құрамында болып, ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін өзгертпейді.

«Алматы таулары – тұрғындардың ортақ байлығы. Жұртшылықтың ұсыныстарын ескеріп, заманауи әрі қауіпсіз инфрақұрылым құруды көздеп отырмыз», – деді ол.

Қазір аумақта 11 тасжол мен техникалық өткел салу жұмыстарына француз компаниясы кіріскен. Жобаның жалпы аумағы 1 мың гектарды құрайды. Жоспарға сәйкес, ұзындығы 60 шақырым болатын тау-шаңғы жолы салынады. Оның 70%-ы жаңадан үйренушілер мен балаларға арналған. Сонымен қатар, аумақта төрт мейрамхана, аспалы жол бекеті және көлемі 20 гектардан аспайтын шағын альпілік ауыл орналасады.

Айта кететін жайт, Көкжайлау аумағы қоршалмайды. Жобалаудың бастапқы кезеңіндегі жұмыстардың барлығын «Бәйте-рек» холдингі қаржыландырған. Алматы-



ның жаңа тау-шаңғы курорты 2028 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Талқылау барысында Almaty SuperSki-дің төрт маусымдық тұжырымдамасы да таныстырылды. Жоба тау шаңғысы курорты ретінде ғана емес, қысқы спорт түрлерімен айналысуға, отбасылық демалысқа, жаяу бағыттарға, рекреациялық, спорттық және табиғатты тануға бағытталған, сондай-ақ спорттық жарыстар өткізуге мүмкіндік беретін жыл бойы жұмыс істейтін туристік кешен ретінде іске қосылмақ.

Көкжайлаудың табиғи және рекреа-

циялық функциясын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды. Жоба өкілдері ұйымдастырылған туристік инфрақұрылымды дамыту рекреациялық жүктемені бақылаумен, тұрақты экологиялық мониторингпен және табиғи аумаққа жауапкершілікпен қараумен қатар жүруі тиіс екенін атап өтті.

Жобаны іске асыру кезінде табиғи орта мен жануарлар дүниесін қорғау мәселесіне де басымдық берілмек. Бұл бағыттағы зерттеулердің барысын Зоология институтының бас директоры Айдын Есжанов түсіндірді.

«Аймақта 2000-нан астам жануар түрі анықталды, оның 50-і – Қызыл кітапқа енген сирек түрлер. Бұл жалпы санның 3 пайызынан азын құрайды. Мамандарымыз сүтқоректілерге, соның ішінде елік пен аюға тұрақты бақылау жүргізіп жатыр. Қазір ықтимал қауіптерді анықтау үшін кешенді зерттеу жұмыстары жүріп жатқандықтан, нақты әсері туралы кесіп айту әлі ерте. Біз табиғи тепе-теңдікті сақтауды басты назарда ұстаймыз», – деді Айдын Есжанов.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Қауіпсіз қала Жеті айдағы жағымды өзгеріс

Алматы қауіпсіз қалаға айналып бара ма? Алғашқы жеті айдың қорытындысы үміт ұялатқандай болды. Қалада жасөспірімдер арасындағы қылмыс, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, көшедегі құқықбұзушылық, ұрлық, тонау және алаяқтық деректері едәуір төмендеген. Ең назар аударарлық көрсеткіштердің бірі – көшедегі қылмыстың екі есеге жуық азаюы. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс 7 пайыз төмендесе, көмелетке толмағандар жәбірленуші болған қылмыс саны да 4% азайыпты.



Отбасылық - тұрмыстық салдағы қылмыс саны 16% төмендеген. Жеті айда полиция 4 мыңнан астам қорғау нұсқамасын шығарды. 808 адамға қатысты сот

қайталама зорлық-зомбылыққа жол бермеуге бағытталған арнаулы шектеу белгіледі.

Үйдегі зорлыққа тап болған әйелдер мен балалар дағдарыс орталығына орналасып, 37 сотқар еркек психологиялық түзету бағдарламасына жіберілді.

Тағы бір айтарлықтай төмендеген көрсеткіш – қауіпті қайталама қылмыс жасаған адамдардың қылмысы жеті айда 31% азайған.

Полиция алкогольді заңсыз сататындармен, мас күйде қылмыс жасайтындармен де күрес жүргізіп жатыр. «Алко-стоп» рейдтері барысында 542 құқықбұзушылық анықталды. 491 сауда нүктесі мен басқа да нысанның жұмысы тоқтатылып, 11 тоннадан астам заңсыз алкоголь тәркіленді.

Жалпы, жеті ай ішінде Алматы полициясы 32 профилактикалық іс-шара өткізді. Учаскелік инспекторлар 2,5 мыңнан астам қылмыстың бетін ашып, 83 мыңнан астам әкімшілік құқықбұзушылықты анықтады.

Алғашқы жеті айда қалада ауыр қылмыс, ұрлық, тонау, алаяқтық пен көшедегі қылмыс саны едәуір азайды. Жол-көлік оқиғасынан қаза тапқандар мен зардап шеккендер саны да төмендеген. Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбектің мәліметінше, ауыр және аса ауыр қылмыс саны 3,3% төмендеген. Аса ауыр емес және орташа қылмыс саны 15,8% азайыпты. Мүліктік қылмыс та төмендеген. Алаяқтық 12,1%, ұрлық 11,4%, тонау 14,3%, автокөлік ұрлау 6,7% азайып отыр. Полиция интернет-алаяқтықтың 9,5% төмендегенін де атап өтті.

«Цифрлық қауіп-қатер артқандықтан киберқылмыс пен интернет-алаяқтыққа қарсы күрес біз үшін жеке басым бағыт болып қалады. Мұндай қылмыстың едәуір бөлігі әлеуметтік инженерия мен қашықтан алдау әдісі арқылы жасалады. Сондықтан жедел жұмыспен қатар, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын да күшейтіп жатырмыз», – дейді Салтанат Әзірбек.

Жол-көлік оқиғасына қатысты статистикада да оң өзгеріс бар. Жеті айда Алматының жолында қаза тапқандар саны былтырғы осы уақытпен салыстырғанда 15,6% азайған.

Қаладағы қылмыс пен құқықбұзушылыққа қарсы күресте бақылау камерасы да пайдаланылады. Қазіргі уақытта Алматыда 211 мыңнан астам камера жұмыс істейді, олардың едәуір бөлігі полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған. Камера жазбалары қылмысты ашып, әкімшілік құқық бұзушылықты анықтауға көмектеседі.

Жалпы, жеті айдың қорытындысы бойынша Алматыда қылмыстың негізгі көрсеткішінің басым бөлігі төмендеген. Соған қарамастан, ауыр қылмыс, балалар мен отбасылардың қауіпсіздігі, есірткінің таралуы, интернет-алаяқтық, қоғамдық орындардағы қылмыс пен жол қауіпсіздігі мәселелері полицияның басты назарында қалып отыр.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Жүйелі жұмыс нәтижелі

Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Аңсаған Балтабеков Алматы қаласы Полиция департаментінің жеке құрамымен кездесті.

Министрдің орынбасары мегаполис полициясының құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс ырғағымен танысты. Сондай-ақ, қаладағы жедел ахуал, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Полиция қызметінің тиімділігін арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және халықпен өзара байланысты нығайту бағыттарына да назар аударылды.

Аңсаған Балтабеков құқық қорғау органдары қызметінің өзегінде «Заң мен тәртіп» қағидасы тұруы қажеттігін атап өтті. Бұдан бөлек, басшылық құрамға

бағынысты қызметкерлердің жұмысына жүйелі бақылау жүргізіп, қызметтік тәртіпті нығайту қажеттігі жеткізілді.

Кездесу кезінде Алматы тұрғындарының қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді шешуде жеделдік пен нақты нәтижеге басымдық беру, сонымен қатар полицияға деген қоғамдық сенімді одан әрі арттырудың маңызына тоқталды.

Сапар қорытындысында «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, Ұлттық ұланмен бірлескен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Нұржамал ӘЛІШ.

ЗАҢДЫ БІЛ, ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒА!

Бостандық ауданында тұрғындарға арналған тегін заңгерлік кеңес беру бақиясы өтті. Іс-шара Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылды.

Бастама Бостандық ауданы әкімдігі аппаратының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп өткізілді. Жобаның мақсаты – тұрғындардың құқықтық сауатын арттыру, заңгерлік көмектің қолжетімділігін кеңейту және азаматтардың күнделікті өмірде кездесетін құқықтық мәселелерін шешуге қолдау көрсету.

Кездесу барысында аудан тұрғындары білікті заңгерлерден тегін кеңес алып, өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды. Мамандар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік төлемдер, зейнетақы, әкімшілік және қылмыстық құқық, мүліктік қатынастар, несие мәселелері сияқты әртүрлі бағыт бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Заңгер Тимур Нұрсейітовтің айтуынша, мұндай көшпелі қабылдаулар тұрғындардың нақты құқықтық мәселелерін шешуге көмектеседі.

«Көп адам қандай да бір қиын жағдайға тап болғанда, қайда бару керекін білмейді. Әдетте бәрі бірден әкімдікке жүгінеді, бірақ көптеген мәселені әкімдік шеше алмайды. Біз әр азаматқа

нақты әрекет ету алгоритмін ұсынамыз: неден бастау керек, қандай құжаттарды жинау қажет, қай мемлекеттік органға жүгінген дұрыс. Осылайша адамдардың уақытын үнемдеп, артық әуре-сарсаңнан сақтаймыз», – деді ол.

Оның сөзінше, жоба небәрі алты ай бұрын іске қосылғанымен, тұрғындардың қызығушылығы ай сайын артып келеді. Бостандық ауданындағы бұл қабылдау – жоба аясында ұйымдастырылған үшінші көшпелі кездесу.

«Адамдар бір-біріне кеңес беріп, бізге жолдай бастады. Нақты көмек алған тұрғындар кейін өз таныстарына да айтып жүреді. Сондықтан келуші саны көбейіп келеді», – дейді заңгер. Жоба үйлестірушілері әр қабылдау барысында жүгінген азаматтардың мәселелерін тіркеп, көрсетілген көмектің нәтижесін бақылап отырады. Бұл әрі есеп беру үшін, әрі тұрғындардың мәселелерінің шешілу деңгейін бағалау мақсатында жүргізіледі.

Заңгердің айтуынша, тұрғындардың ең көп көтеретін мәселесі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы. «Үйлерді жөндеу, шатырларды қалпына келтіру, коммуналдық төлемдерге қатысты ша-



ғым өте көп. Бұл мәселелер әр тұрғынға қатысты болғандықтан, сұраныс жоғары. Қазіргі уақытта басқару құрылымдарының өзгеруіне байланысты тәжірибелі мамандардың жетіспеуі де көптеген даудың туындауына себеп болып отыр», – деді Тимур Нұрсейітов.

Заңгердің мәліметінше, халық көп шоғырланатын орындарда бір күнде 30–40 адамға дейін заңгерлік кеңес беріледі.

Кеңес алуға келген тұрғындардың бірі Ермеккүл Смағұлова кездесудің өзекті мәселелерді көтергенін айтты.

«Қазіргі ең үлкен мәселе – жұмыссыздық. Әсіресе, оқуын бітіріп, «екі қолға бір күрек» таппай жүрген жастарды көріп, қынжыласың. Жұмыс болса да, жалақы өте төмен. Айына 80 мың теңге табамын, ал төлейтін несием 210 мың теңгеден асады. Зауыт-фабрикалар азайып кетті, тұрақты жұмыс табу

қиын. Осындай жағдайда заңгерлерден қандай құқықтарымыз бар екенін, қарызды қалай қайта құрылымдауға болатынын сұрауға мүмкіндік туды», – дейді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Заң мен әділдік – елдің іргетасы» жобасы Алматының барлық ауданында кезең-кезеңімен өткізілмек. Тұрғындарға алдағы кездесулер туралы ақпарат әлеуметтік желілер мен аудан әкімдіктерінің ресми парақшаларында жарияланып отырады.

Бастама азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы байланысты нығайтуға және заңгерлік көмекті барынша қолжетімді етуге бағытталған.

Дана САДЫРҚАН.
Суреттер: автордан.

ДИДЖИТАЛ ДӘУІР

Күн сайын назарымызға ілігер жаңалық көп. Желіні шолып отырсаңыз, әлдекімнің саяхаты, әлдебір әріптестің жаңа жетістігі, трендтегі оқиғалар мен шұғыл жаңалықтар назар аудартпай қоймайды. Шексіз де шетсіз ақпарат ағынын сүзіп отырамыз деп кейде тым күйгелек болып кеткенімізді аңдамай қаламыз. «Маңызды дүниеден құр қалып, мезетімнен кешігіп жатқандаймын... Өзгенің өмірі қызықты, ал менің өмірім сүреңсіз» деген ой сананы торламай тұрмайды. Әсіресе, жастар жағы тұманды ой, күмәнді байламға бейіл.

Психология мен социологияда бұл құбылысты FOMO синдромы дейді. Яғни Fear of Missing Out – мүмкіндікті, ақпаратты немесе оқиғаны өткізіп алудан не «қоғам көшінен» тысқары қалып қоямын деп қорқу.

Диджитал үдерістер дендеген кезде күрделеніп, зорая түскен мұндай үрейдің өзі – мазасыз жанның өзгеше психологиялық күйі, ішкі және сыртқы факторлардың ықпалынан эмоционал, когнитив мінез-құлық өзгерісі. Әдетте, FOMO-ның эмоционал көрінісі үрейден, сенімсіздіктен, тіпті қызғаныштан байқалады. «Қатардан қалдым» деп ойлаған қолданушы өзін жалғыз сезінеді, мүмкіндігіне сеніңкіремейді, өз-өзінен сезіктене бастайды, құлазып, торығады. Мұның бәрі біз атаған синдром сипаты. Қолданушы әлеуметтік желінің «бұрмалап ұсынған шындығына» қапысыз иланады, «өзгені зор, өзін қор санайды».

Алғашқы адамдар да алаңдаған

FOMO синдромының салдары – өз өмірінің көлеңкелі тұстарын көбірек тану, өзге адамдардың өмірінде болып жатқан «жарқын оқиғаларды» маңызды деп санау, әрбір әнтек жетістікті асыра бағалап, ал өз тәжірибесі мен мерейлі шақ, ажарлы сағат, сәулелі сәтін елеусіз қалдыру, төл еңбегін құнсыздандыру. Иә. Әлеуметтік желі өмірдің теріскей тұсына қарағанда, күнгей тұсын көп көрсетеді дедік. Нәтижесінде бәрімізде айналадағылар әлдеқайда мазмұнды, қызықты әрі табысты өмір сүріп жатыр деп ойлаймыз.

FOMO – миллиондаған жастың психологиялық саулығына, танымдық қабілетіне және өмір сапасына тікелей әсер етіп отырған ғасыр дерті. Бұл синдромды жәй ғана ерік-жігердің әлсіздігі, уақытты тиімсіз пайдалану деп пайымдауға болар еді, бірақ жіптің ұшығы – арыда. FOMO-ның таымыры тым тереңде жатыр. Алғашқы адамдар тайпадан бөлініп қалмайық, ортақ ақпараттан мақұрым қалмайық немесе топтан оқшауланып кетпейік деп қатты сескенген. Себебі, қауымдасып өмір сүрген топтан бөлініп қалу – жеке басқа төнген қауіп-қатер белгісі еді. Мидағы осы бір қорғаныс механизмі бүгінге дейін жеткен. Біз әлеуметтік ортадан, трендтерден немесе қоғам талқылауынан бөлініп қалсақ, бейсаналы түрде «қауіп-қатерге ұрындық» деп қабылдаймыз. «Тағы бірдеңе шығып қалған жоқ па?» деген ой әлегінде экранға қайта-қайта қарағыштай береміз.

Ғылыми тұжырым тиянағы

FOMO синдромының мұндай адам психикасына әсерін зерттеу ісі қарқынды жүріп жатыр. О баста Оксфорд университетінің ғалымдары бұл феномен турасында сөз қозғап, FoMO Scale шкаласын жасап шығарды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, FOMO деңгейі жоғары адамдар әлеуметтік желілерді мақсатсыз сүзе беретін, парақшаларын жиі тексеретін, руль тізгіндеп отырып та хат-хабарлама жазатын, оқу немесе жұмысқа толық ден қоя алмайтын қолданушылар болып шықты.

Пенсильвания университетінің ғалымдары да ерекше тәжірибе жасады. Зерттеушілер студенттердің әлеуметтік желіге бөлер уақытын күніне 30 минутқа

«ҒАСЫР ҮРЕЙІ»

FOMO синдромы сиқырына түсіп қалмаңыз!



Сурет: ЖИ.

дейін қысқартты. Нәтижесінде FOMO деңгейі, депрессия, мазасыздық және жалғыздық сезімі секілді торығу сипаттары айтарлықтай төмендепті. Демек, әлеуметтік медианы шектеу арқылы көңіл күйді жақсартуға болады деген пайым – дәлелі бар тұжырым.

Макгилл университетінің профессоры, әлеуметтік психология білгірі Марк Болдуин мен белгілі ғалым, адам бойындағы құлазу, торығу сынды сезімдерді бақылап жүрген когнитивті нейробиолог Йенс Прюсснер нейроэндокринологияға қатысты аса маңызды зерттеулер жүргізген.

«Ғұмыр бойы жиналған кортизолдың артық мөлшері мидың ес пен эмоцияға жауапты бөлігі – гиппокамптың семуіне әкелетіні мәлім. Осыған орай, біз өзін-өзі бағалаудың астарында жатқан биологиялық тетіктерді зерделеу мақсатында гиппокамп көлемі мен кортизолдың реттелу процесін зерттедік», – дейді ғалымдар.

Тәжірибеге 16 жас пен 23 егде адам қатысқан. Жастар психосоциалды күйзеліс тапсырмасынан өтсе, егде топтың базалық кортизол реттелісі өлшенген. Барлық қатысушы миына магнитті-резонанстық томография жасалып, ортаңғы самай бөліктері мен жалпы мидағы сұр заттың көлеміне сараптама жүргізілді. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, өзін-өзі бағалау мен ішкі бақылау сезімі жастарда да, егде адамдарда да гиппокамп көлемімен тығыз байланысты болып шыққан. Жастарда күйзеліске жауап ретінде бөлінген кортизол мөлшері гиппокамп көлеміне де, өзін-өзі бағалау деңгейіне де тікелей тәуелділі екені анықталды. Ал егде жастағыларға жүргізілген зерттеулер нәтижесінде құлазудың зияны сарапталды. Атап айтқанда, жас ұлғайған сайын байқалатын ұғымталдықтың кемуі, танымның тарылуы сынды мысалдар кортизолдың реттелуін және мидың жалпы көлемінің кішіреюін тежейтін басты фактор ретінде көрінген.

Сондай-ақ, зерттеуде өзін өзгелермен

салыстыратын қолданушылардың бір іске ұзақ уақыт зейін қоя алмайтыны, ұзақ мәтіндерді немесе терең аналитиканы қабылдауда қиналатыны дәлелденді. Тіпті, әсемпаздық пен көрсөкізарлыққа ұрынп, жарнама жетегіне еріп, артық шығынға ұшырайтыны айтылды.

Әдетте, адамның өзін-өзі оң балағауы ерте жастан қалыптасса керек. Мұндағы өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға екі негізгі фактор – айналасындағылардың қарым-қатынасы және баланың өз іс-әрекетінің ерекшелігін, барысын әрі жетістіктерін сезініп-ұғынуы әсер етеді. Өйткені, адам өзі туралы білімді өзгелермен тілдесу, араласу арқылы жинамақ. Әрі бұл білім эмоцияға ұласып, ми қызметінің жандануына жалғасады.

Тағы бір айта кетерлігі, қол телефонының көгілдір жарығы мелатонин гормона теріс әсер етпек. Салдарынан кортизол деңгейі үнемі жоғары болып, мазасыз күйге түсеміз. Әсіресе, сандық платформаларға жиі жүгінетін жастар бұл синдромға көп ұшырайды.

Жастардың өзгеше жайы

Жастық шақ – адамның өз «менін» орнықтыратын, өз орнын табуға ұмтылатын кезеңі. Бұл кезеңде әлеуметтік топтарға қосылу, олардың бір бөлігі болу, нормалар мен стандарттарға сай шығу аса маңызды. Жастар желіде белсенді болуға ұмтылады, өнімді оқиғаны немесе қандай да бір трендті өткізіп алудан сақтанады, бейғам қалған жағдайда әлеуметтік мәртебеге нұқсан келіп, көптің үдесінен шыға алмай қалармын деп алаңдайды.

Екіншіден, жастар, әдетте, қатарластарының бағалауына көбірек тәуелді. Бұл психологиялық дамудың ерекшелігіне байланысты үдеріс. Жастық шақта өзіңе деген сенім өзгенің, айналаңның сені қабылдауы арқылы маңыз таппақ. Әлеуметтік желі қолданатын жастар өз қатар-

ластарының «мазмұнды», «берекелі» өмір сүріп жатқанын көреді. Талапқа сай болуға ұмтылып, жанын жей бастайды. Салдарынан FOMO көрсеткіші күшейеді.

Үшіншіден, әлеуметтік платформалардың белсенді пайдаланушылар болғандықтан, желідегі толассыз жарқын оқиғалардың еркісіз шырғауына түсіп жатады.

Төртіншіден, ақпаратты шектен тыс оқып, тақыл-тұқыл контенттерді шектен тыс тамашалайтын жастар уақытын дұрыс игере алмай жатады. Жаңалықты таңдап, талғап қабылдауының өзі қиынға соғады. Бәрін қатарынан қамтуға ұмтылады. Кейде мұның өзі мазасыздыққа себеп.

Бұған қоса, көп айтыла бермейтін биологиялық фактор да бар. Зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдер мен жастарда түрлі эмоцияға және марапат алуға деген ұмтылысқа жауап беретін мидың лимбикалық жүйесі белсендірек болады. Сонымен бірге, импульстерді бақылайтын және рационалды шешім қабылдауға көмектесетін мидың маңдай алды қыртысы толық жетіліп үлгермейді. Мұндай биологиялық факторлар жастарды эмоционалдық реакцияларға ұрындырады, әсіресе, мазасыздыққа бастап, «маңызды нәрседен құр қалып қоймадым ба?» деген үрейге таңады.


«Өткінші бақыттан» арылу жолы

FOMO синдромының ең тиімді емі – түсіну. Нені түсіну? Дүниені тұтас бақылау мүмкін емес екенін ұғынып, диджитал абыр-сабыр мен желідегі у-шудан саналы түрде бас тартып, «осы сәтте» өмір сүруге, дамуға, толысуға көңіл бөлу. Желіні де саналы түрде, дұрыс пайдалануға машықтану. Задында, FOMO-ға бой алдырмаймын десеңіз, сандық гигиенаны, когнитивті-мінез-құлық терапиясын және өзін-өзі реттеу практикаларын жүргізу қажет. Мәселен:

- **Талғап, талдап оқу қабілетін дамыту;**
- **Жақсы сөз бен жақсы ойлауға машықтану;**
- **«Ризашылық күнделігін» (жетістіктеріңізді бағалау) дамыту;**
- **Елдің мақұлдауына, мойындауына тәуелді болмайтын жеке мақсаттар қоя отырып, өз мүддеңізді нығайту;**
- **Жүзбе-жүз сұхбатқа, тілдесуге уақыт арнау, жақын-дарыңызға және достарыңызға жиі жолығу;**
- **Гаджеттерден тыс хобби-лерге ден қою.**

Байқасаңыз, қазір бәрімізді әлеуметтік желіде оқтын-оқтын насихат тауып жатқан табыс культінің кісені буып тұр. Желідегі жарқыл-жұрқыл қолданушыларды өмір шындығынан ажыратады, табиғат құбылыстарын тануға деген құлшынысын бәсеңдетеді, әлеуметтену, көппен араласу процесіне сына қағады. Шынтуайтында, әлеуметтік желілердегі «аса жарасым тапқан» өзге замандасыңыздың жетістіктері мен жарқын оқиғалары сіздің өміріңіздің берекесі емес. Әлбетте, тілектестік танытқан әрі салқын салаға салып қабылдаған дұрыс. Өмірдің өзін шексіз де шетсіз марафон десек, сіздің жолағыңыз – жеке жолақ, сіздің даңғылыңыз – дара жол.

Дастан ҚАСТАЙ.



ӨНЕРДІҢ БИІК ӨЛШЕМІ

«Шәмші Қалдаяқов» медалі тағайындалды

Ел мәдениетінде тағы бір жағымды жаңалық – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстан-ның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізді.



Бұл туралы Мемлекет басшысының Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров хабарлады.

«Мәдениет пен өнер – ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі. Сондықтан жаңа Ата Заңда төл мәдениетімізді жан-

жақты қолдау мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемле-

кеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға сүбелі үлес қосқан азаматтарға беріледі», – деп жазды Айбек Смадияр.

Шаһар төрінде әр сенбі сайын ALMATY SUMMER FEST өтіп жатқанынан хабардармыз. Фестивальдің кешегі сенбідегі бағдарламасы қазақ вальсінің королі, көрнекті композитор, Қазақстанның халық артисі Шәмші Қалдаяқовтың туған күніне арналды. Қазақ музыка өнерінде өшпес із қалдырып, ұлттық ән мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірегей тұлғаның жүрекке жақын әуендері мен сырлы әндері бірнеше буынның рухани мұрасына айналып, күні бүгінге дейін халықтың ыстық ықыласына бөленіп келеді.

Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі «Ана туралы жыр» және «Кешікпей келем деп ең» әндерін үлкен-кішінің бірге орындауы болды. Фестиваль сахнасында Құдайберген Бекіш, Бейбіт Қорған, Әділет Жауғашар, ADAM, Әлішер Қонысбай, Мәди Ахметқожа, Рүстем Нұржігіт, Елнұр Наурызбек, IGIGAI, RAY, Жасқайрат Валиуллиев, dj Akhmetoff, «Бәйтерек», «ILIGAI», «WinL» топтары, сондай-ақ Елдар Отарбаев, Балауса Ерғалина және Наурызбай ауданының өнерпаздары өнер көрсетті.

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Алатау» дәстүрлі өнер театрының алаңында, ашық аспан астында өтетін ALMATY SUMMER FEST жобасының алдағы тағы екі сенбісі бар.

Нұржамал ӘЛІШ.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

КАНЬЕ УЭСТ КЕЛГЕН ЖАЗ

Биылғы жаз жылдағыдан ыстық болды. Бірақ алматылықтар үшін бұл жаз ыстық ауа райынан гөрі «ыстық» жаңалықтарымен көбірек есте қалатындай. 15 тамызда Орталық стадионда америкалық рэпер Канье Уэсттің концертті осы жаздағы айтулы мерекелік кештердің бірі болды.

Көптен күткен бұл кеш бастапқыда 14 тамызға жоспарланған еді, алайда ауа райының күрт өзгерісі мен электр қуатының ақауына байланысты ұйымдастырушылар концертті бір күнге шегерді. Кейінге қалдырылғанына қарамастан, 15 тамыздағы кешке деген қызығушылық бәсеңдеген жоқ. Келушілер саны да азаймаған. Еліміздің әр өңірінен, тіпті шетелден келген жанкүйерлер әлемдік жұлдызды көруге асықты.

Бұл – Канье Уэсттің Қазақстандағы ғана емес, Орталық Азияда өткізген алғашқы концерті. Оған арнайы дайындалған сахна кештің басты ерекшелігіне айналды. Алаңның дәл ортасына Жер шарын бейнелейтін алып сфера орнатылды, жарық пен визуалды эффектілер бүкіл стадионды құлпыртып жіберді.

Рэпер алғашқы әнін орындағанда дәл сол сфераның төбесіне көтерілді – көрермендер бұл сәтті ерекше эмоциямен қарсы алды. Концерт барысында әртістің танымал хит әндері орындалып, екі сағаттық шоу әншінің танымал «True Love» әуенімен және соңғы мерекелік отшашумен аяқталды.

Көрермендер кештің әр сәтін телефон камерасына түсіріп, әлеуметтік желілерде жаппай бөлісті. Стадион толы көрермен смартфондарының жарығымен алып сфераның түрлі түске бояды. Бұл көрініс сахналық қойылымдармен астасып, ұмытылмас атмосфера қалыптастырды.



Концертке еліміздің түкпір-түкпірінен келген отандастарымызбен қатар шетелдік қонақтар, рэпердің жанкүйерлері жиналып, ғажайып мерекелік кештің куәгері болды.

Сауд Арабиясынан осы кешке арнайы келген Юсуф қуанышын жасыра алмады: – Мен Канье Уэсттің жанкүйерімін. Оны көру үшін ұшақпен 10 сағат жол жүру ештеңе емес. Бір қарасаң, бұл тым алыс елде емес, қазір оны көргеніме қатты толқып тұрмын, – дейді ол.

Ал танымал әншінің ақтаулық жанкүйері Аймира да бұл күнді асыға күткенін айтты:

– Бұл күнді көптен күттім. Канье Уэст – менің сүйікті әртісімнің бірі. Оның дәл менің еліме келіп концерт бергені мен үшін тарихи оқиға десем де болады. Сол үшін Ақтаудан келіп тұрмын. Мені концерт алдындағы атмосфера керемет әсерге бөледі», – деді Аймира.

Кештің ең есте қаларлық сәті шоу аяқталғаннан кейін болды. Көрермендер тарай бастағанда, стадион аумағына жастар белсенділері шығып, қоғамдық орынды тазалауға кірісті. «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында өткен бұл акцияға бағдарламаның сүйікті символы

«Тазабек» маскоты да қатысты. Ол жастармен бірге қоқысты жинап, келушілерді тазалыққа, экологиялық мәдениетті сақтауға шақырды. Қысқа уақыт ішінде алып стадион аумағы тазарып шыға келді.

Осылайша Канье Уэсттің Алматыдағы концерті тарихи көріністерге толы әрі есте қаларлық мерекелік кеш болды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Өткен сенбіде Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында Media Basket Almaty тың жобасының шымылдығы түріліп, жексенбіде де жалғасты. Бұл – Орталық Азиядағы алғашқы медиа-баскет лигасы.

Ол спорт, медиа, музыка, шоу-бизнес және Алматы мәдениетін бір алаңға біріктірген заманауи алғашқы турнир. Яғни биылғы жаздың ең басты спорттық-медиалық оқиғасы деуге болады. Өзгеше сипаттағы жобаның ең қызықты ерекшелігі – мұнда бір ғана категориядағы ойыншылар жоқ. Турнир концепциясы бойынша кәсіби баскетболшылар, бло-



Media Basket Almaty

Биылғы жаздың жарқын оқиғасы

герлер, шоу-бизнес өкілдері, музыканттар, спортқа жақын танымал адамдар бір командада өнер көрсетеді.

Шын мәнінде, Media Basket Almaty – баскетболдан әлдеқайда ауқымды дүние. Бұл – мыңдаған жанкүйер, кәсіби шоу, музыка, жүргізуші, арнайы қонақтар, интерактивті аймақтар, түрлі байқаулар, серіктестерден сыйлықтар, сүйікті медиа тұлғалармен кездесулер және турнир барысында тікелей жасалатын эксклюзивті контент.

«Біз бұл жобаға өте ұзақ дайындалдық. Бір жылдан астам уақыт бойы осы идеяны ойластырып, жобаны әзірледік. Бүгін көріп отырған дүниелердің барлығына көп уақыт пен күш жұмсадық. Мақсаты – спорт және медиа қауымдастықтарын бір алаңға біріктіретін жаңа орта қалыптастыру», – деді Media Basket Almaty президенті Евгений Булатов турнирдің ашылу салтанатында.

Турнир 3x3 форматындағы тартысты матчтармен бірге, жарқын бәсекелер

және нағыз спорт мерекесінің ерекше атмосферасына бөленді.

Лиганың ашылу салтанатына Алматының іскерлік және спорттық қауымдастықтарының өкілдері де қатысты. «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының төрағасы Шыңғысхан Мамановтың айтуынша, жобаны дайындауға шамамен, тоғыз-он ай уақыт кеткен.

«Бізге қолдау білдірген Алматы әкімдігіне, қаланың Спорт басқармасына ықыласымыз ерекше. «Атамекеннің» бас-

ты міндеті – мемлекет пен бизнестің арасында алтын көпір болу. Ал бүгінгі жоба – осы бағыттағы жақсы бастама деп білемін. Алдағы уақытта баскетболды ғана емес, кәсіби медиа қауымдастығын да дамытуды көздеп отырмыз. Дәлірек айтқанда, еліміздің медиа саласының өкілдерін біріктіретін салалық кеңес құру идеясын қолға алатын боламыз», – деді Шыңғысхан Маманов.

Алматы қаласының Спорт басқармасының өкілдері де бұл жобаны қала әкімдігінің спортты бұқаралық әрі заманауи ету стратегиясымен де байланыстырып, мегаполистің спорттық мәдениетін күшейтуді көздеп отыр.

Иә, қазіргі аудитория спортты тек стадионда көрмейді, әлеуметтік желі, блогерлер, YouTube және басқа медиа платформалар арқылы қабылдайды. Сондықтан Media Basket Almaty осы екі тарапты бір жерге жинауға бағытталған. Айтпақшы, бұл жобаға АҚШ-тың танымал баскетболшылары да қатысуда.

Заманауи форматтағы медиа-лиганың негізгі идеясы – ең мықты медиа-команданы анықтау ғана емес, баскетболды кең аудиторияға қызықты әрі заманауи форматта ұсыну, спортты қолжетімді, қызықты және бұқаралық ету, сондай-ақ әр алматылықтың өзіне ұнайтын спорт түрін таба алатындай орта қалыптастыру.

Кешегі өткен – топтық кезеңнің алғашқы ойындары. Барлығы он команда. Топтық кезеңнен қара үзіп шыққандар плей-оффқа жолдама алды. Бұл кезең тамыздың соңы мен қыркүйек басында өтеді. Ал 6 қыркүйекте турнирдің финалы болады. Жеңіс күні жолығайық!

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Алдағы маусымда қазақстандық ойыншылар Англия мен Түркияда өнер көрсететін болады. «Қайрат» академиясының түлегі – Дастан Сәтпаев тамыз айында 18 жасқа толды. Кәмелет жасына толған соң, «Челси» футбол клубы қазақстандық шабуылшымен 6 жылдық келісімшарт жасасты. Одан кейін аристокаттар Сәтпаевты «Бернлиге» жалға берді. Нақтырақ айтқанда, алдағы маусымды отандасымыз деңгейі бойынша Англияның екінші біріншілігі – Чемпионшипте өнер көрсететін «Бернлиде» өткізеді.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШТАРЫМЫЗ

Дастан «Бернлиге», ал Аламгир «Бешікташқа» ауысты

– Қазақстан құрамасының ойыншысы Дастан Сәтпаев «Челсиден» бір маусымға жалға алынғанын қуанышпен хабарлаймыз, – деп бөлісті «Бернли» әлеуметтік желіде.

Еске салайық, Сәтпаев биыл маусым айында «Қайрат» сапындағы соңғы матчын өткізіп, Лондонға аттанған болатын. Ол бапкер Хаби Алонсоның қол астында «Челсидің» маусым алдындағы оқу-жатығу жиынына қатысты. Австралияда «Вестерн Сидней Уондерерс» командасына қарсы ойында алғашқы голын соғып та үлгерді. Отандасымыз манбасындағы жаңа кезеңге қатысты әлеуметтік желіде пікір білдірді.

– Бұл тек бастамасы. Жалға бару – менің мықтырақ болуыма көмектестін жаңа тәжірибе. Бар жақсы алдыда. Алға, қазақ елім, – деп жазды ол.

«Қайрат» академиясының тағы бір тәрбиеленушісі – Аламгир Смаков Еуропада аты танымал, Түркияның беделді футбол клубы – «Бешікташқа» ауысты. Бұл туралы оның әкесі, қазақ футболының аңызы Самат Смаков хабарлады. Сондай-ақ, ол түркиялық команданың U19 сапында алаңға шығып, «Эюспорға» қарсы матчта гол соғып үлгерді. Айта кетейік, Аламгир



Смаков – «Қайрат» академиясында 5 жасынан бастап тәрбиеленген футболшы. Өткен маусымда (2025 жыл) ол 16 матч өткізіп, «Қайрат – 2008» құрамында жас-өспірімдер арасындағы ел чемпионатының жеңімпазы болды. Биыл 18 жастағы футболшы Қазақстан Кубогында «Қайраттың» негізгі сапында дебют жасады. Сондай-ақ, Бірінші лигада «Қайрат-Жастар» сапында 7 ойында 4 гол соқты.

Досбол АТАЖАН.

Roland Garros

жолдамасы сарапқа салынады

Алматыдағы Gorky Tennis Park Ақшешенің алаңында Roland Garros Junior Series by Renault – Батыс және Орталық Азияның халықаралық іріктеу турнирі басталды. Жарысты Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан теннис федерациясы мен Азия теннис федерациясы ұйымдастырды.

Халықаралық турнирдің ашылуы салтанатына Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы, Азия теннис федерациясы президентінің кеңесшісі Кирилл Нестеров, Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Ардақ Абижанов және жас спортшылар қатысты.

– Бұл турнир Азияның жас спортшылары үшін жоғары деңгейлі жарыста бақ сынап, теннис әлеміндегі армандарына тағы бір қадам жақындауға тамаша мүмкіндік. Турнирдің өтуіне қолдау көрсеткені үшін Алматы қаласының әкімдігіне алғыс айтамын. Үздік ойыншылар Жапонияда өтетін финалға жолдама алады. Сондықтан бәріңізге сәттілік тілеймін! – деді Кирилл Нестеров.

Ал ҚТФ Коммерциялық мәселелер және даму жөніндегі вице-президенті Ардақ Абижанов мұндай беделді жарыстың Алматыда өтуі – елдегі теннистің дамып жатқанын көрсететін атап өтті.

– Жас теннисшілерге әлемдегі ең беделді турнирлердің біріне жол ашатын жарысты елімізде қабылдау – біз үшін үлкен мәртебе. Бүгін мұнда Орталық және Батыс Азия елдерінің ең үздік жасөспірімдері жиналды. Біз үшін балалар мен жасөспірімдер теннисін дамыту – басым бағыттардың бірі болып қала береді. Жас ойыншылардың жоғары деңгейде бақ сынауына, тәжірибе жинақтауына және ең ірі турнирлерге қатысуына барлық жағдайды жасауға ұмтыламыз. Бұл жарыстың Қазақстандағы Спорт күніне орай өтуінің символдық мәні зор. Спорт адамдардың басын қосады, тәртіпке, қарсыласты сый-



лауға және үнемі өзін-өзі дамытуға баулиды, – деді ол.

Gorky Tennis Park кешеніндегі додаға Орталық және Батыс Азия елдерінен 16 жасқа дейінгі 16 ұл мен 16 қыз теннисші қатысып жатыр. Ойыншылар айналмалы жүйе бойынша төрт адамнан тұратын төрт топта бақ сынауда. Әр топтан үздік шыққан екі ойыншы жарыстың келесі кезеңіне өтіп, 1–8 орындар үшін таласса, қалған теннисшілер жеребе қорытындысы бойынша 9–16 орындарды сарапқа салады. Алматыдағы жарыстың үздік ойыншылары тек өңірлік титулға ие болып қоймай, озық шыққан екі ұл мен екі қыз 2026 жылдың 14–18 қазаны аралығында Жапонияның Токио қаласындағы «Dai-ichi Life Sogoen» теннис клубында өтетін Roland-Garros Junior Series by Renault Азия финалына жолдама алады. Осы шешуші кезеңде жеңіске жеткен спортшы Roland Garros 2027 жасөспірімдер турнирінің негізгі кезеңіне берілетін жолдамаға ие болады.

Биыл Париждің әйгілі топырақ корттарында өнер көрсету мүмкіндігі үшін Алматыдан Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Иордания, Иран, Сауд Арабиясы және Түрікменстанның өкілдері жиналды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МӘСЕЛЕ


Байқасаңыз, қазір әлеуметтік желіде деменцияға шалдыққан ата-анасымен өтіп жатқан тыныс-тіршілігін, оларды жетектеп жүргенін бейнелейтін видеоконтент салатындар көбейген. Онда да көбіне шетелдіктер. Ал біз айта бермейміз. Себебі, қарттыққа балай саламыз. Және стигма да бар, яғни есін жоғалтып «алжыған» әке-шешеміз туралы айтудан тартынамыз, қысыламыз дегендей...

Деменция – ми қызметінің біртіндеп нашарлауымен сипатталатын, түрлі ауру мен жарақаттар салдарынан ми жасушаларын бұзып, оларды бір-бірімен жалғайтын синапстарды үзіп жіберетін синдром. Латын тілінен аударғанда, есінен адасу дегенді білдіреді. Ал Альцгеймер – деменцияның кең таралған түрі. Деменцияға душар болған адам өзінің ғана емес, туысқандарының да өмірін қиындатып жіберетіні рас. Өйткені, науқас өз бетінше әрекет ете алмайды, жанында күні-түні бір адам жүруі керек. Көзді ала бере сыртқа шығып кетіп, үйіне қайтар жолды таппай қалатындары да аз емес.

Әлемде әр 3 секунд сайын бір адамға деменция диагнозы қойылады екен. Оның көпшілігі қартаюдың әсерінен өседі. Ал біздің елде ресми есеп бойынша 2025 жылы шамамен, 2 мың адамға Альцгеймер диагнозы қойылған. Бірақ деменциямен ауыратындардың нақты саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін, кейбір бағалаулар бойынша жүздеген мың адам аурудың жеңіл түрін бастан өткеруі ықтимал. Отандық неврология мамандарының мәліметінде «алдағы жылдары Қазақстандағы нақты деменциямен өмір сүретін адамдар саны 200 мыңға дейін жетуі мүмкін, себебі көптеген адам есте сақтау қабілетінің нашарлауын қалыпты кәрілік деп қабылдап, дәрігерге бармайды» делінген.

Өткенде Алматыда «Ми құпиялары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған АҚШ, Ұлыбритания, Грузия елдерінен, сондай-ақ Қазақстанның жетекші мамандары қатысты.

Осы конференцияда ауыр неврологиялық зақымданудан кейін тірі қалған пациенттердің жағдайы және созылмалы сана бұзылысы тақырыбын тарқатқан Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы инсульт бөлімшесінің меңгерушісі Ләззат Аяғанованы сөзге тартқанымызда, деменция ауруының көбею себебін түсіндірген болатын.



«Деменция бұрын да болған. Тек ол уақыттарда бұл жөнінде түсінік, ақпарат аз болды. Ал қазіргідей жаһандану заманында ауру көрсеткішінің өсу себебі – диагностика нығая түсті, медицина көш ілгері дамыды. Дегенмен, нақты сан бұдан да көп болуы мүмкін. Себебі, адамдар дәрігерге өте кеш, ауру әбден асқынып, ие бермей кеткен кезде жүгінеді. Біздегі негізгі мәселе – деменцияны қартайған адамда кездесетін қалыпты жағдай деп қараймыз және бұл ауру туралы ақпараттың аздығы. Біздің бөлімшеге инсультке күмәнді науқастар жеткізіледі. Инсульт дегеніміз – қан айналымының бұзылуы. Инсульт анықталса, дерттің түр-сипатына қарап ем жүргізіледі. Адамның инсульттан кейін аяққа тұрып кетуі аурудың сатысына және науқастың өзінің потенциалына да байланысты. Егер адамда күресуші күшқуаты төмен болса, нәтижеде төмен болуы мүмкін. Соған қарамастан, ем барысында жақсы емделіп шыққанымен, әлдебір бір себептермен тағы қайталанар болса, адам әр инсульт алған сайын ми қатты зақым ала береді. Мидың әлдебір бөлігіне қан тамыр арқылы керекті оттегі жетпей қалады да, сол бөлігі өзінің функциясын жоғалта бастайды. Сондықтан мұндай жағдай да деменцияға әкелуі мүмкін», – дейді невролог Ләззат Аяғанова.

ДЕМЕНЦИЯ

Бұл қандай ауру?



Сурет: ЖИ.

ДДҰ мәліметіне сүйенсек, жаһанда деменцияға душар болған 57 миллионға жуық адам бар. Оның шамамен, 60–70%-ын Альцгеймер ауруы құрайды. Ұйым сарапшылары 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 82 миллионға, ал 2050 жылға қарай 152 миллионға ұлғайып, әлі талай адам осы кеселдің азабын тартады деген болжам айтып отыр.

Бүгінде ұмытшақтық, ой жинақтай алмау жастарға да тән болып барады деп дабыл қағуда мамандар. Демек, деменция «жасарып» келеді. Иә, түбі келмей қоймас қарттыққа қарсы шара жоқ, ал кейінгі буынның жасына жетпей алжуы неден?

Америкалық кардиологтар жастарды деменцияға душар ететін дерттерді анықтапты. Яғни олар 20–40 жас аралығындағы әртүрлі ұлт пен жыныстағы 142 адамның денсаулығын үздіксіз зерттеп, МРТ арқылы бақылап отырған. Бірінші МРТ 30 жасында жасалса, екіншісі шамамен, 55-інде түсірілген. Осы аралықта кейбірінің миында айтарлықтай өзгерістер жүрген, әсіресе, жас адамдардағы патологияның пайда болуына бірінші кезекте қан қысымы, артық салмақ пен темекі әсер еткен. Бірақ кардиологтар ақыл-естің төмендеуіне алдымен гипертония себепкер деген тұжырымға тоқтаған көрінеді.

Тағы бір ресми деректі айта кетсек осы орайда. Огайо штаты университетінің ғалымдары адамның жасына жетпей алжуға бастайтын себептердің алдыңғы қатарына шылымқорлықты да шығарды. Яғни темекіні тұқылымен шегетін орта жастағылардың есте сақтау қабілеті өз қатарластарынан әлдеқайда төмен болатынын дәлелдеген.


Таяуда Алматыда, тіпті Орталық Азия бойынша, алғаш рет Альцгеймер ауруын емдеуде қолданылатын NEUROLITH инновациялық технологиясы таныстырылған болатын. Ең алғаш болып қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына енгізілген жүйенің арада екі апта өткеннен кейінгі нәтижесі жарияланды.

NEUROLITH – Transcranial Pulse Stimulation (TPS) технологиясына негізделген заманауи жүйе. Бұл – ми тініне қысқа акустикалық импульстар арқылы әсер ететін, хирургиялық араласуды қажет етпейтін инвазивті емес әдіс. Технология мидың белгілі бір аймақтарына дәл әсер етуге мүмкіндік береді. Қазір бұл әдіс Альцгеймер ауруы мен өзге де нейродегенеративті дертке қатысты ғылыми зерттеу-

лерде зерделеніп, бірқатар шетелдік медициналық орталықтың клиникалық тәжірибесінде қолданылып жүр. Ал біздің елдегі жұмысты бастамас бұрын алматылық мамандар алдымен үш күндік даярлықтан өтті. Екі апта ішінде деменция және Альцгеймер ауруы диагнозы қойылған 11 пациент іріктеліп, емдеу курсынан өтті.

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Константин Лидін айтуынша, пациенттердің нәтижесі әртүрлі: кейбірінде өзгерістер емдеу барысында-ақ байқалып, оны пациенттердің өзі де, жақындары да байқаған. Мәселен, есте сақтау қабілетінің, ұйқы мен көңіл күйінің жақсарғанын, қоршаған ортамен қарым-қатынастың қалпына келгенін, зейіні мен күнделікті өмірге араласу белсенділігінің артқанын айтқан.

Осы процестің белортасында жүрген қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы неврология бөлімшесінің меңгерушісі Лаура Темірбекова да бірқатар пациентте алғашқы өзгерістер емдеудің 3-4 сеансынан кейін-ақ байқалғанын айтты.



«Кейбір пациенттерде ашушаңдық пен агрессивтілік азайғанын, ал бұған дейін мүлдем иіс сезуден қалғандардың иіс сезе бастағанын білдік. Дәрі-дәрмекпен емдеуді жалғастырып, оған қоса аппарат арқылы емдеу курсынан өткен пациенттерде тек дәрі-дәрмекпен ем алғандарға қарағанда нәтиже анағұрлым айқын болғанын байқадық. Нәтижелердің әр пациентте әртүрлі екенін атап өткен маңызды. Кейбірінде әзірге айқын өзгеріс байқалмайды. Сонымен қатар, олардың жағдайы тек субъективті әсер арқылы ғана емес, когнитивтік функцияларды зерделеуге арналған Монреаль шкаласы (MoCA) бойынша да бағаланады. Бұл – екі апталық

жұмыстың алғашқы нәтижесі ғана. Сондықтан әрі қарай бақылап, бағалау қажет. NEUROLITH «ғажайып» емдеу әдісі ретінде қарастырылмайды. Ол когнитивтік бұзылысы бар пациенттерге медициналық көмек көрсету мүмкіндігін кеңейтетін заманауи технология. Біз пациенттерді бақылауды және технологияның клиникалық тәжірибедегі мүмкіндіктерін зерделеуді одан әрі жалғастырамыз», – дейді Лаура Темірбекова.

Деменцияны «жәй ғана қарттық» деп қабылдауға болмайды. Өкінішке қарай бастапқыда жақындарымыздың мінез құлқындағы бұл өзгерістерді көбіміз елемейміз. Дегенмен, ұмытшақтықтың өршуі бір әңгімені қайталап айту, бір сұрақты қайта-қайта қою, жолдан адасу, қоқыс жинауға әуестену, ерсі қылықтарды қайталау, ойын жеткізе алмау сияқты белгілер байқалғанда дабыл қағып, дертке шипа іздей бастаған абзал. Дерееу неврологқа немесе психиатрға тексерілген дұрыс. Емдеуге асықпасаңыз, науқастың ми қызметінің жұмысын сақтап қалу қиынға соғатынын айтады мамандар.

Мегаполистегі **№8 емхананың невропатолог-дәрігері Бибіжан Өмірзақова** да өз тәжірибесімен бөлісті.

«Көп жағдайда деменцияға шалдыққан науқастар дәрігерге өздігінен жүгінбейді. Қабылдауға оларды туыстары ертіп келеді. Себебі, науқастардың өз жағдайын нақты жеткізу қабілеті төмендейді.



Деменцияның дамуына әртүрлі себептер әсер етеді – жастың ұлғаюы, бас миының жарақаттары, ми қанайналымының бұзылыстары, артериялық гипертензия, диабет, инсульттің салдары, семіздік, темекі, спирттік ішімдік, дене қозғалысының аздығы және әлеуметтік оқшаулану. Әсіресе, инсульттен кейінгі науқастарда деменция белгілері жиі байқалады. Бұл жағдайда ми тіндерінің зақымдануы когнитивтік функциялардың бұзылуына алып келеді. Бүгінде деменцияны толық емдейтін әдіс жоқ. Дегенмен, аурудың үдеуін баяулатуға және науқастың өмір сүру сапасын сақтауға болады. Ол үшін үш ай сайын дәрігерлік бақылаудан өтіп тұруы тиіс. Өз тәжірибиемнен айтар болсам, дәрілік емді тұрақты қабылдайтын науқастарда жалпы жағдайы белгілі бір деңгейде тұрақтанып, олардың әлеуметтік бейімделуі ұзақ уақытқа сақталатынын көріп жүрміз. Өкінішке қарай, науқастардың көпшілігі дәрігерге кеш жүгінеді, бұл ем тиімділігін төмендетеді. Сондықтан ерте диагностика мен уақытылы емдеу – аурудың дамуын баяулатудың негізгі жолы», – дейді Бибіжан Өмірзақова.

Сөз соңында ауруға шалдықпаудың жолын айта кетейік. Біріншіден, дұрыс тамақтану маңызды. Жеміс-жидек, көкөніс, бұршақ тұқымдас дәнді дақылдар миға қоректік заттар мен антиоксиданттар жеткізеді. Жаяу жүру, жүзу, дене шынықтыру жаттығулары да аса керек. Олар қан айналымын жақсартып, мидағы жасушалардың қоректену деңгейін жоғарылатады. Аптасына кемінде 150 минут қарқынды жаттығу деменция қаупін едәуір төмендететіні дәлелденген.

Кітап оқу, сөзжұмбақ шешу, музыкалық аспапта ойнау, жаңа хобби үйрену сияқты әрекеттер де жаңа нейрондық байланыстардың түзілуіне ықпал етеді. Білімді үздіксіз тереңдету мен логикалық ойлау ми қызметін белсенді ұстап, аурудың дамуын баяулатуы мүмкін. Әлеуметтік байланыс та маңызды. Яғни отбасы мүшелерімен, достармен жиі қарым-қатынас жасау, қоғамдық іс-шараларға қатысу когнитивтік жаттығудан кейінгі күйзелісті азайтып, эмоциялық жағдайды жақсартады.

Темекіні тастап, алкогольді тұтынуды шектеген де жөн. Жоғары қан қысымы, қандағы қант пен холестеринді бақылауда ұстау арқылы жүрек-қан тамырлары ауруларынан туындайтын нейрокөрсеткіштерден қорғануға болады. Сондай-ақ, уақытымен ұйықтау да мидың қалпына келу процесін күшейтеді.

Нұржамал ӘЛІШ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЦИФРЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Karwing зерттеуі (TikTok платформасы, 2026)

97%

- #cartoonkids хэштегі бойынша тексерілген 100 видеодан тек үшеуін адам жасаған, қалған 97% - ЖИ көмегімен дайындалған.

57,4%

балалар санатындағы 10 742 видеоны талдағанда, жалпы осынша үлесі ЖИ-дің өнімі.

59%

жаңа аккаунттың «Саған ұсыныс» лентасындағы алғашқы 500 видеоның 59%-ы осындай контент.

Осы сандар бұл жай жеке тренд емес, платформа деңгейіндегі басым құбылыс екенін дәлелдейді.

Common Sense Media зерттеуі (2025)

2,5 сағат

8 жасқа дейінгілердің тәулігіне экран алдында өткізетін орташа уақыты. Дәстүрлі теледидар азайып, қысқа видеоларға көшу қарқынды жүрде.

40%

2 жасқа дейінгі балалардың жеке планшеті бар.

25%

8 жасқа жеткенде балалардың төрттен бірінің жеке ұялы телефоны бар.

UNICEF бағалауы (2026, 10 ел дерегі)

20 млн-нан астам

ЖИ қолданатын балалар саны. Балалар бұл технологияны ересектерге қарағанда үш есе жылдам меңгеріп жатыр.

13 млн

оқу, үй тапсырмасы үшін тұрақты пайдаланады.

2 млн-нан астам

жеке мазалайтын сұрақтары бойынша ЖИ-ден кеңес сұрайды - бұл әр оныншы бала деген сөз.

БАЛАЛАР КОНТЕНТІ:

«Жаңа дәуірдің» басында тұрмыз

Көшеде, саябақта, дәмханада – қай жерде болса да, қолында телефон ұстаған баланы жиі көреміз. Экранда бірде картон пен құлпынай сөйлеседі, бірде жемістер дос іздейді, енді бірде жануарлар адам сияқты сезім білдіріп, түрлі оқиғаға тап болады. Бала көріп отырып күледі, қызығады. Ал мұндай видеоны кім жасады?

Санның көптігі сапа кепілі емес

Кей жағдайда оның артында аниматорлар тобы, сценарист немесе арнайы студия жоқ. Бір ғана адам генеративті жасанды интеллект құралдарының көмегімен кейіпкер ойлап тауып, сурет жасап, оған қозғалыс пен дауыс беріп, дайын ролик шығара алады. Соңғы уақытта мұндай контент TikTok, Instagram платформаларында күрт көбейді. Бұл бір жағынан, шығармашылыққа кең жол ашса, екінші жағынан, мазмұн сапасы, қауіпсіздік пен бала танымына қатысты сұрақтарды алға шығарып отыр.

Бұрын бірнеше минуттық анимация жасау үшін сценарист, суретші, аниматор, дыбыс режиссері, монтажшы секілді бірнеше маманның ұзақ уақыт еңбегі қажет еді. Қазір ЖИ бұл процестің көптеген кезеңін автоматтандырды. Айталық, кейіпкер бейнесін генерациялап, қимыл нұсқаларын жасап, дауыс пен музыканы қоса алады. Соның арқасында бұрын уақыт пен қаражат көп жұмсалатын жұмысты бірнеше минутта орындау мүмкін болды.

Мұндай контенттердің жылдам таралуындағы тағы бір себеп – платформалардың алгоритмі. Жарқын түстер, үлкен көзді кейіпкерлер, жылдам өзгеретін кадр, қысқа сюжеттерді ЖИ тез әрі көп нұсқада жасай алады. Ал алгоритм осындай контентті балаларға көбірек ұсынады. Нәтижесінде қаралым көп болған сайын автор дәл осындай жүздеген ролик шығарады. Осылайша балалар контенті қаралым мен табыс үшін бәсекелесетін цифрлық нарықтың бір бөлігіне айналады.

ЖИ арқылы видео жасау жеңілдеген сайын мазмұнды бақылау да қиындай түсті. Кейбір роликтерде сюжет түсініксіз, кейіпкерлердің әрекеті тәрбиелік тұрғыдан дұрыс емес, ешқандай пайдалы мәні болмайды. Ересектер үшін бұл әзіл болуы мүмкін, ал кішкентай бала көргенін шынайы қабылдайды. Мұнымен «ЖИ жасағанның бәрі жаман» дегеннен аулақпыз. «Контент не айтқысы келді, баланың жасына сай ма?» деген басты сұрақ жатыр.

2025 жылы АҚШ-та жүргізілген зерттеуде балаларға көрсетілген видеолардың 83%-ы балаларға арналмағаны белгілі болды. Кейде орынсыз мазмұн да кездесетіні анықталды. Демек, ата-аналардың көбінде мультфильмге ұқсағанның бәрі балалар контенті деп қабылдайтын жаңсақ түсінік бар.

Мұғалімдер не дейді?

Жасанды интеллект технологиясын қауіп деуге келмейді. Дұрыс пайдаланылса, балалардың дамуына жақсы көмекші бола алады. ЖИ өнімдерінің бала тәрбиесіне, білім беру ісіне

әсер-ықпалы жөнінде Алматы қаласындағы мектеп мұғалімдерінің пікірлерін білдік.

№209 мектеп гимназиясында география пәнінің мұғалімі Жансая Рамазанова былай дейді:

«Қазір мұғалімдер оқушылар үшін жалғыз білім көзі болудан қалды. Бұл – жаңа шындық. Сондықтан оқыту әдістерімізді өзгертуіміз керек. Қазір балаға қызықты әрі заманауи материал ұсынба-саң, оның назарын ұстап тұру қиын. Осы тұрғыдан ЖИ-дің пайдасы бар. Бірақ әлеуметтік желілердегі мағынасы күмәнді, сапасыз видеолардың көбеюі алаңдатады. Қазір телефонды тілі толық шықпаған балалардың өзі ұстайды. Сондықтан бала қандай контент көріп отырғанына мән беруіміз керек».

Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ляззат Өтемісова оқушылардың ЖИ-ге тәуелді бола түскеніне баса назар аударады:

«Оқу жылы басталғанда оқушыларым өзіміз жаздық деп қызықты ертегілерін алып келді. Басында олардың сюжеттерін сөз қолданысына қарап қуанған едім, алайда оның бәрін ЖИ арқылы жазғандарын білдім. Олар жасанды интеллект бәрін дұрыс жазды деп сенеді, ойлау, саралау, салыстыру сынды жұмыстың бәрін соған жүктегісі келеді. Сондықтан мен тәсілді өзгерттім: «Кейіпкерді өзің ойлап тап, оның мінезін, қасиетін, іс-әрекетін сен анықта. Осы сипаттама бойынша ЖИ-ден суретін салдыр, ал мәтінін өзің жаз» деп тапсырма бердім. Сол арқылы ЖИ-ді автор емес, көмекшілері етуді үйретіп жатырмын, – дейді педагог.

Ол сондай-ақ, оқушылардың ЖИ-мен жұмыс істеуден шектеуге де болмайтынын айтады. Керісінше, олардың жасанды зердені тиімді пайдалануға дағдыландыру маңызды.

Балалар контентінің сапасы мен олардың бала санасына деген зиянды салдары жөнінде сөйлескенде, көптеген педагогтердің пікірі бір жерден шықты. Олардың ойынша, ең дұрысы – баланың өзін контент жасаушыға айналдыру. Сонда балалар көргенінің бәрін шындық деп қабылдай бермеуді үйренеді әрі контент сапасына деген талғамдары да тез өседі. Енді бір жағынан, шығармашылық қабілеттері дамып, ақпараттарды сараптау қабілеттеріне де ие болады.

Осы тақырыпты қаузы келіп, біз өзгерістердің бас шенінде тұрғанымызды аңғарамыз. Бұрын анимациялық өнімдер үлкен студияларды қажет етсе, енді олар барынша қолжетімді бола түсті. Осы қырынан қарасақ, бұл зор мүмкіндік екенін білеміз. Бірақ сол м мүмкіндікпен бірге жауапкершілік те бар. ЖИ кейіпкердің бейнесін, сюжетін жасай алады, бірақ оқиғаның не айтатыны, қандай құндылық сіңіретіні – адам шешімі. Демек, технология баланың қиялын қуаттайды, бірақ ешқашан оның орнын баспайды.

БАЛДӘУРЕН

Жазғы демалыс жайлы өтті

Алматы қаласының әкімдігі биыл да балалардың жазғы демалысына қомақты қаражат бөліп, олардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін кеңінен қолдау жасады. Соның нәтижесінде жасөспірімдерді салауаттылыққа баулитын біршама іс-шаралар ұйымдастырды.

Қалалық Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаевтың айтуынша, қазір оқушылар жазғы демалыстың соңғы апталарын өткізіп жатыр. Ең бастысы, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты оқыс оқиғалар орын алған жоқ.

Алматы қалалық Білім басқармасына қарасты Оқушылар сарайының «Өрнек» лагеріндегі жазғы демалыстың да аяқталуына аз уақыт қалды. Сондықтан балалар үшін мұндағы әрбір күні қымбат. Олар уақыттың басым бөлігін үйірмелерге қатысып, спортпен айналысуға арнайды. Биылғы маусымның басты ерекшелігі де осы болса керек.

Балалар мұндағы «Робототехника», Астрономия, VR және AR, Lego, ЕМС, «Ғылым әлеміне экспедиция» саяхат, «Ньютон зертханасы» (Физика), «Ғарыш миссиясы» (Астрономия), «ЭлектроикLAB» (Электр) шеберлік сабақтарына қатысып жатыр. Оларға қызықты жарыстар мен мәдени бағдарламалар, спорттық ойындар ерекше ұнайтыны сөзсіз.

«Өрнектегі» жаз әрбір баланың есінде қалары сөзсіз. Олар мұнда таңғы астан кейін шеберлік сыныптарына, спорттық ойындарға қатысады. Арнайы мамандар нейротехнология, журналистика, АЭРО, IT сабақтарын жүргізеді. Балалар үшін қызықты ойындар да ұйымдастырылды. Әсіресе, «Аспалы және параллельдік өткелді құру» бойынша отрядқа бөлініп, жарыстар ұйымдастыру бұлдіршіндерге қатты ұнады», – дейді Оқушылар сарайының жетекшісі Айгүл Байсымақова.

Бұларға қоса, лагерде волейбол, футбол, шахмат, тоғызқұмалақ спорт ойындары да балалардың көңілінен шыққан. «Фантазия», «Аэрофотосъемка» педагогтармен шеберлік сыныбын өткізіп, лаборатория жұмыстарын жүргізді.

Демалыс орталығында қалыптасқан тағы бір тамаша үрдіс міндетті түрде «Нептун күнін» атап өтеді. Бұл мереке балаларға судың тіршілік көзі екенін үйретіп, судың да ережесі бар екенін, оны сақтай отырып, балаларды қимыл-қозғалысқа, шапшаңдыққа, достық пен ұйымшылдыққа баулуды мақсат еткен.

Рая ЕСКЕНДІР.





ШЕБЕРХАНАЛАР ШАҒАРЫ

Жеңіл өнеркәсіпке жетпей тұрғаны не?

Елімізде кейінгі жылдары жеңіл өнеркәсіптің өндіріс көлемі айтарлықтай өсті. Алайда, ішкі нарықтағы отандық өнімнің үлесі әлі де төмен. Сөйтсе де, Алматы үшін бұл сектордың маңызы жоғары. Себебі, мегаполисте ірі тұтыну нарығы, кәсіпкерлік орта, дизайнерлер, шығармашылық мамандар, сауда және логистика мүмкіндіктері бір жерде шоғырланған. Бұл әлеует әзірге толық өндірістік қуатқа айнала алмай келеді. Бұған не кедергі?

Сырт көзге қарапайым өндіріс секілді көрінетін кәсіптің артында ауыл шаруашылығынан алынатын шикізатты өңдеу, жіп иіру, мата өндіру, пішу, тігу, дайын өнімді қаптау, логистика және саудаға дейін жалғасатын күрделі өндірістік тізбек жатыр. Сондықтан жеңіл өнеркәсіп – ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін, шағын және орта бизнесті, шығармашылық индустрияны және сауданы тоғыстыратын торап.

Қаладағы өндіріс қарқыны
Шаһарда азық-түлік, химия, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау және құрылыс материалдары өндірісі негізгі бағыттардың қатарында. Демек, жеңіл өнеркәсіптің Алматы экономикасында өзінді салмағы бар. Алайда, оның қаладағы жалпы өндіріс көлеміндегі үлесі әзірге шағын ғана. Сондықтан мәселе өндірістің бар-жоғында емес, оның қаншалықты іріленіп, қосылған құны жоғары өнім шығара алатынында.

Қалада бұл бағытта жұмыс істеп тұрған нақты кәсіпорындардың қатарында «Қаз-жеңілөнеркәсіп-Алматы», Qazaq Tigin Fabrikasy, «Алматы тігін фабрикасы», «Almaty Shoes Republik», Glassman және «Light Industries» мүгедектер қоғамының тігін цехы бар. Мәселен, «Қазжеңіл-өнеркәсіп-Алматы»тігін және аяқкиім өндірісін қатар дамытып келеді. QazIndustry мәліметінше, фабриканың өндірістік қуаты жылына 1,5 млн.-ға дейін түрлі тігін бұйымын және 500 мың жұп аяқкиім шығаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорында 700-ден астам адам еңбек етеді.

Ал Qazaq Tigin Fabrikasy өндірісті жаңғыртып, цифрландыруға басымдық беріп отыр. Кәсіпорында дәстүрлі тігін технологияларымен қатар цифрлық кесте тігу сияқты заманауи өндіріс тәсілдері енгізілу-

де. Ал «Алматы тігін фабрикасы» арнайы киім шығаруға маманданған. Almaty Shoes Republic аяқкиім өндірісін дамытып отыр. Glassman киім өндірісімен айналысады. Ал Light Industries тігін цехы өндірісті әлеуметтік бағытпен ұштастырады.

Түйткілді түйіндер
Жеңіл өнеркәсіптің әлсіз буындарының бірі – шикізатты терең өңдеу. Қазақстан мақта, жүн, тері сияқты табиғи ресурстарға ие. Бірақ оларды толық өндірістік циклмен өңдеу деңгейі әлі жеткіліксіз. Мысалы, 2025 жылы Қазақстанда 466 мың тонна мақта жиналып, одан 116,1 мың тонна мақта талшығы, 500 тонна иірілген жіп, 5,2 млн. шаршы метр мата және 28,6 млн. дана дайын тоқыма бұйымы өндірілген. Бұл көрсеткіштер шикізат пен дайын өнім арасындағы өндірістік буындардың толық қалыптаспағанын аңғартады. Мәселен, мақта өсіріледі, одан талшық алынады. Бірақ иірілген жіп, мата, фурнитура, дайын киім және брендке дейінгі тізбектің кейбір бөліктері шетелдік жеткізушілерге тәуелді. Бұл Алматыдағы кәсіпорындарға да әсер етеді.

Талғар қаласында орналасқан Glasman фабрикасының негізін қалаушылардың бірі Анвар Хилажев кәсіпорынға қажет жіп пен матаның бір бөлігін Түркиядан, Қытайдан және Еуропадан әкелетінін айтты. Оның сөзінше, саладағы тағы бір өзекті мәселе – кадр тапшылығы. Сондықтан кәсіпорын мамандарды өзі даярлап, олардың біліктілігін арттыруға мәжбүр. Демек, жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін тек тігін машинасын көбейту жеткіліксіз. Оған тұрақты шикізат, заманауи құрал-жабдық, технология, дизайнер, технолог, конструктор, тігінші және басқа да кәсіби мамандар қажет.

Шағын шеберханадан фабрикаға дейін
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің дерегіне сәйкес, елде жеңіл өнеркәсіп саласында 1400-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың 97 пайызы – шағын және орта бизнес субъектілері. Бұл бір жағынан, саланың кәсіпкерлікке қолайлы екенін көрсетеді. Екінші жағынан, өндірісті масштабтау мәселесін алға шығарады.

Шағын тігін шеберханасы тапсырыс бойынша бірнеше ондаған немесе жүздеген киім тіге алады. Бірақ ірі тапсырысты орындау үшін тұрақты шикізат жеткізу, өндірістік қуат, қойма, логистика, сапаны бақылау және айналым қаражаты қажет. Сондықтан шағын кәсіпорыннан тұрақты өндіріс орнына айналу – саланың негізгі өсу нүктелерінің бірі.

Алматыда осы бағытта өндірістік инфрақұрылым қалыптасып келеді. Қалада шағын өнеркәсіптік парктердің дамуы кәсіпкерлерге дайын өндірістік алаң ұсынып, үй-жай мен инженерлік инфрақұрылым мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Бірақ инфрақұрылыммен қатар кооперация да қажет. Бір кәсіпорын мата шығарса, екіншісі оны өңдеп, үшіншісі киім тігеді, төртіншісі дайын өнімді нарыққа шығарады деген жүйе қалыптасқанда ғана өндірістік тізбек пайда болады.

Мемлекет қандай міндет қойып отыр?

Жеңіл өнеркәсіптің мәселелері Үкімет деңгейінде де қаралып жатыр. 2026–2030 жылдарға арналған жеңіл өнеркәсіпті дамытудың кешенді жоспары қабылданып, онда өндірісті жергіліктендіру, шикізатпен қамтамасыз ету, өткізу нарығын кеңейту және мемлекеттік сатып алу тетігін жетілдіру мәселелеріне басымдық берілген.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары Мұхамед Андақов саланы дамытуға бағытталған шараларды атап өтті.

«Үкімет қаулысымен қабылданған еліміздегі жеңіл өнеркәсіпті дамытудың 2026–2030 жылға арналған кешенді жоспары 28 тармақтан тұрады. Іске асырылуы үшін салық жеңілдіктері қабылданған. Орта мерзімді шарада мемлекеттік сатып алу тетігі жетілдіріліп, кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз етуде, өткізу нарығын кеңейтуде отандық өндірушілерге тең бәсекелестік жағдай жасалады. Ұзақ мерзімді шаралар бойынша шикізат пен дайын өнім толық қадағаланып, өндірісті жергіліктендіруге назар аударылады.

Басты мақсат – еліміздегі жұмыс орындарының санын арттыру», – деді Мұхамед Андақов.

Дана САДЫРҚАН.
Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

«ЖАНГЕЛДИН САЯБАҒЫ» жайқалып келеді

Жетісу ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қолға алынған 25 жобаның бірі – Жангелдин саябағын абаттандыру.



Бұл бастама тұрғындардың ұсынысы негізінде жүзеге асты. Аудан тұрғындары тозығы жеткен саябақты қалпына келтіріп, абаттандыруды сұраған еді. Өйткені, Жангелдин саябағы Жетісу ауданының қақ ортасында орналасқан әрі екі гектардан астам аумақты алып жатыр. Осы маңда демалып, серуендейтін бірден-бір орын болғандықтан, саябақтың тозып бара жатқаны тұрғындарды алаңдатқаны заңды.

Көп ұзамай саябақты жөндеу жұмыстары басталып, орындықтар қалпына келтірілді, гүлдер отырғызылып, тозығы жеткен балалар ойын алаңдары жаңартылды. Атқарылған жұмыстар бүгінде өз нәтижесін беріп отыр.

Егер жолыңыз түсіп, саябаққа соқсаңыз, жаңарған аумақтың көзтартар көрінісіне куә боласыз. Көгалдандырылып, абаттандырылған заманауи саябақ енді аудан тұрғындарының, сонымен қатар қала қонақтарына да сүйікті демалыс орны болмақ.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Заңсыз құрылыс сүрілді

Қалада сот шешімімен заңсыз деп танылған дәмхана-ның жапсарлас құрылысын меншік иесі өз еркімен бұзды.



Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, бұл заңбұзушылық жоспардан тыс тексеру барысында анықталған. Меншік иесінің ғимаратты рұқсатсыз тұрғызғаны дәлелденіп, оған қатысты әкімшілік шаралар қолданылды.

Іс материалдарын Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі соты қарады. Сот нысан иесін кінәлі деп танып, заңсыз тұрғызылған нысанды сүру туралы қаулы шығарды.

Сот шешімін орындау үшін кәсіпкер жапсарлас құрылысты өз қаражаты есебінен бұзып, демонтаж жұмыстарын толықтай аяқтады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ



«ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІЛСЕ ДЕЙМІЗ»

«Nurly Dala» неге нұрланбай тұр?

Алматыдағы Наурызбай ауданындағы «Nurly Dala» тұрғын үй кешенінің тұрғындары электр энергиясының жиі өшуіне байланысты редакциямызға хабарласты. Айтуларынша, бұл мәселе кейінгі үш жылдан бері қайталанып келеді және әлі күнге дейін түбегейлі шешімін таппаған. Тұрғындардың сөзінше, электр жарығының үнемі өшуі күнделікті тұрмысқа айтарлықтай зиян келтіріп отыр.

Соңғы рет 8 тамыз, сағат 10.00 шамасында аталған тұрғын үй кешенінде тағы бір апатты ажырату болған. Наурызбай аудандық әкімдігіне хабарласып, бұл жағдайға қатысты түсініктеме алдық. Басшылық мәліметінше, Төле би көшесінің Жүнісов көшесімен қиылысында кабель желісі механикалық жағынан зақымданған. Соның салдарынан 11-42 фидері бойынша электр энергиясы ажыратылған. Ал резерв ретінде пайдаланылатын 16-42 фидері бұған дейін зақымданып, қазіргі уақытта жарамсыз күйде тұрғандықтан, электрмен жабдықтауды бірден резервтік желіге ауыстыру мүмкін болмаған.

РЭС-3 қызметкерлері апаттық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, электр энергиясының шамамен үш сағат ішінде қалпына келтірілетінін жеткізген. Алайда, жарық айтылған уақыт ішінде қосылмаған. Тұрғындар бұл жағдайды бір реттік апат деп қабылдамайды. Олардың айтуынша, мұндай өшулер тұрақты түрде қайталанып келеді.

– Жарықтың жиі өшуі қалыпты жағдайға айналып кетті. Әр аптаның сенбісінде еш ескертусіз өшеді де қалады. Үйде кішкентай баламыз бар, жарықсыз лифт тоқтайды, интернет өшеді, тұрмыстық техникаға да алаңдаймыз. Әсіресе, шілденің шіліңгір ыстығында көпқабатты үйде салқындатқышсыз отыру мүмкін емес. Үш жылдан бері мәселе шешілмей келеді, әр жолы «қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр» деген жауап естиміз, – дейді тұрғындардың бірі Айжан Отарбаева.

Тағы бір тұрғын Дулат Оспанов бұл мәселенің алдымен балалар мен қарттарға кері әсер ететінін айтты.

– Біздің үйде егде жастағы анамыз тұрады. Лифт тоқтап қалса, сегізінші қабатқа көтерілу өте қиын. Кейде жарық өшкен кезде суды да жөнді қолдана алмаймыз. Мұндай жағдайдың жиі қайталануы адамдардың жүйкесіне әсер етеді. Біз уақытша емес, нақты шешім күтеміз, – дейді ол.

«Nurly Dala» тұрғын үй кешенінде жас отбасы көп тұратындықтан мектепке дейінгі жастағы балалар мен оқушылар саны да едәуір. Ата-аналар оқу маусымы басталғанда балаларымыздың сабақ оқуына кедергі болмаса екен дейді. Сондай-ақ, кешенде азық-түлік дүкендері, дәріханалар, наубайханалар, шағын дәмханалар және басқа да қызмет көрсету орындары шоғырланған. Электр қуатының жиі үзілуі кәсіпкерлерге де шығын әкеледі.

– Дүкенде тоңазытқыштар мен мұздатқыштар тәулік бойы жұмыс істеуі керек. Жарық жиі өшкен сайын азық-түліктің сапасына зиян келеді. Кейбір жабдықтарды қайта іске қосу қиын. Мұндай жағдай бизнестің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі жасайды, – дейді кешендегі Абзал есімді дүкен иелерінің бірі.

Айта кетейік, «Nurly Dala» – Наурызбай ауданындағы кезек-кезеңімен қолданысқа берілген әрі халық тығыз орналасқан тұрғын үй кешендерінің бірі. Алғашқы кезектің үйлері 2020 жылдың соңынан бастап тапсырыла бастаса, кешеннің негізгі құрылысы 2021–2023 жылдары толық аяқталды. Тұрғындардың сөзінше, халық саны көбейгенімен, инженерлік инфрақұрылым соған сай жаңартылмаған. Соның салдарынан электр желілеріне түсетін жүктеме артып, апатты жағдайлар жиілеген болуы мүмкін.

Мұндай жағдайлар қайталана берсе, мәселені тек апаттық жөндеумен шектеу жеткіліксіз. Электр желілерінің тозу деңгейін бағалап, резервтік желілердің жарамдылығын қамтамасыз етіп, желіні кешенді түрде жаңғырту қажет. Өйткені, резервтік фидердің де істен шыққан күйде болуы тұрғындардың алаңдаушылығын күшейтіп отыр. Халық қала және аудан басшылығынан «Nurly Dala» тұрғын үй кешеніндегі электрмен жабдықтау жүйесіне толық техникалық тексеру жүргізіп, мәселені түбегейлі шешуді сұрайды.

Дана САДЫРҚАН.
(*Cyper: tengrinews.kz*).

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырудың кейбір мәселелері

Қазіргі құқықтық мемлекет жағдайында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда азаматтар мен ұйымдардың өтініштері негізінде қалыптастырылатын мемлекеттік құқықтық статистика мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың, сондай-ақ құқық қолдану практикасын жетілдірудің маңызды құралы ретінде ерекше мәнге ие. Өтініштер арқылы қоғамдағы өзекті құқықтық мәселелер, заңнаманы қолданудағы олқылықтар және мемлекеттік басқару жүйесіндегі проблемалар айқындалады.

Жеке және заңды тұлғалардың арыздары, шағымдары, ұсыныстары мен сұраулары құқықтық статистика үшін маңызды бастапқы дереккөз болып саналады. Бұл өтініштерді жүйелі түрде тіркеу, есепке алу және талдау азаматтардың қандай құқықтарының жиі бұзылатынын, мемлекеттік органдарға жүгіну себептерін, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Өтініштер негізінде қалыптастырылатын статистикалық мәліметтер мемлекеттік органдардың халықпен және бизнеспен өзара іс-қимылының деңгейін, олардың ашықтығы мен қолжетімділігін сипаттайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік құқықтық статистиканы өтініштер негізінде қалыптастыру барысында бірқатар өзекті мәселелер туындайды. Атап айтқанда, өтініштерді есепке алу мен жіктеудің бірыңғай тәсілдерінің болмауы статистикалық деректердің дәлдігі мен салыстырмалылығына кері әсерін тигізеді. Әртүрлі мемлекеттік органдарда бір мазмұндағы өтініштер әрқалай санаттарға жатқызылып, нәтижесінде шынайы жағдайды толық көрсетпейтін деректер қалыптасуы мүмкін. Бұдан бөлек, қайталама немесе мазмұны ұқсас өтініштердің көптеп түсуі нақты проблемалардың ауқымын бұрмалап, статистикалық талдаудың сапасын төмендетеді.

Тағы бір маңызды мәселе – цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі және ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдастығының әлсіздігі. Бұл жағдай өтініштер бойынша деректерді уақытылы жинақтауға, оларды кешенді түрде талдауға және жедел басқарушылық шешімдер қабылдауға кедергі келтіреді. Нәтижесінде мемлекеттік құқықтық статистиканың әлеуеті толық көлемде пайдаланылмай қалады.

Аталған мәселелерді шешу үшін өтініштерді есепке алу мен өңдеудің бірыңғай стандарттарын енгізу, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін өзара интеграциялау және цифрлық талдау құралдарын кеңінен қолдану қажет. Сонымен қатар, өтініштерді қарау нәтижелерін құқықтық статистикамен тікелей байланыстыру мемлекеттік органдар қызметінің сапасын арттырып, құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Статистикалық деректердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету де қоғам тарапынан бақылауды күшейтіп, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру құқықтық саясатты жетілдірудің және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл бағыттағы жүйелі әрі кешенді жұмыс азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін көтеріп қана қоймай, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға қызмет етеді.

ҚР БП ҚСЖАЕАК Алматы қаласы бойынша департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімі. #Заң және Тәртіп.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, ардагерлер қозғалысының белсендісі

Нұрлан Ілиясұлы СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас редактордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 252 дана (сейсенбі)**

**Кезекші редактор –
Аяжан ҚУАНЫШОВА**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**

БАЙҚАУ

«АЛМАТЫ –
ӘН ҚАНАТЫНДА»

Алматыда қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен «Алматы – ән қанатында» республикалық композиторлар байқауы басталды. Байқаудың мақсаты – Алматының тарихын, мәдениетін, рухани мұрасы мен қарқынды дамуын бейнелейтін жаңа музыкалық туындылар жазып, сондай-ақ талантты композиторлардың көпке танылуына әрі шығармашылығына қолдау көрсету.

Сонымен, байқау барысында қатысушыларға Алматының көркем бейнесін музыка өнері арқылы жеткізуге мүмкіндік беріледі. Композиторлар «Шабыт берген Алматы!» республикалық байқауына ұсынылған поэзиялық шығармалар негізінде жаңа ән жазып, Алматыға арналған авторлық төл туындыларын ұсына алады. Бұған қоса, байқауға тұрғылықты жері мен қызмет саласына қарамастан, 18 жасқа толған кез келген Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Байқау шартына сай, ұсынылатын шығармалар бірегей, бұрын жарияланбаған және өзге музыкалық байқауларда жүлделі орын алмаған болуы тиіс.

Сонымен қатар, туындыларды әзірлеу кезінде жасанды интеллект технологияларын, оның ішінде әуенді автоматты түрде құрастыратын жүйе мен нейрожелілік қосымшаларды пайдалануға жол берілмейді. Жалпы, байқау үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде, 2026 жылғы 15 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында өтінім қабылданады. Екінші кезеңде ұсынылған жұмыстарды сараптамалық комиссия мен кәсіби қазылар алқасы бағалайды. Үшінші кезеңде жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі – Алматы күніне арналған мерекелік іс-шаралар аясында өтеді.

Байқау жұмыстарын белгілі композиторлар, музыканттар, дирижерлер, мәдениет және өнер қайраткерлері, сондай-ақ қоғам мен БАҚ өкілдері бағалайтын болады. Қазылар алқасы шығармаларды мынадай талап бойынша бағалайды: байқау тақырыбына сәйкестігі, музыкалық деңгейі мен автордың кәсіби шеберлігі, шығармашылық шешімнің бірегейлігі, музыкалық идеяның жаңашылдығы және тыңдарманға эмоциялық әсеріне қарай сарапталады.

Байқаудың жүлде қоры да қомақты. Мұндағы 7,5 млн. теңге қаржының 3 000 000-ы I орын иегеріне, II орынға – 2 000 000, III орын – 1 000 000 теңгеге ие болады. Сонымен қатар, әрқайсысы 300 000 теңге тұратын 5 ынталандыру сыйлығы бар.

Рая ЕСКЕНДІР.

КӨРМЕ



ӨЗБЕКСТАН ӨРНЕГІ

Almaty Gallery Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени, кәсіби шығармашылық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ұйымдастырылған Өзбекстан суретшілерінің «Реализмнен заманауи көркемдік эксперименттерге дейін» атты халықаралық көрмесін ұсынды.



Көрмеге Алматы қаласы Мәдениет басқармасы мен «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының қолдауымен Өзбекстан Көркемсурет академиясы, Өзбекстан Суретшілер одағы және Қазақстан Республикасы Суретшілер одағы мұрындық болды.

Алматының мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың біріне айналған, екі мемлекет арасындағы халықаралық мәдени диалогты кеңейтуге бағытталған экспозицияға Ташкент, Самарқан, Бұхара, Ферғана, Қоқан, Әндіжан, Жызак, Нөкіс, Ангрен, Бекабад және Өзбекстанның басқа да қалалары мен өңірлерінен келген 40 автордың 63 туындысы енген.

– Бұл көрме – екі ел үшін де аса маңызды оқиға. Қазақстан мен Өзбекстанның мәдениетінде ортақ тұстар көп. Біз бір-бірімізді аудармашысыз-ақ түсінеміз. Екі елдің суретшілеріне де жақын, ортақ тақырыптар аз емес. Сондықтан мұндай байланыстарды нығайту маңызды, – деді көрменің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов.

Қос мемлекет арасында көрме алмасу жұмыстары 70-жылдардан бері өткізілмеген екен. Әрине, суретшілер түрлі мәдени іс-шараларда үнемі жүздесіп жүрген. Алайда, екі елді жалғастыратын бүгінгідей



ауқымды, халықаралық көркемдік жобалар болмаған. Ал 2019 жылы қазақстандық суретшілер өз туындыларын Өзбекстанда таныстырған.

– Енді біз де шығармаларымызды таныстырып жатқанымызға қуаныштымыз. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы ауқымды көрме. Мұнда тек Ташкенттің ғана емес, еліміздің Самарқанд, Бұхара, Қоқан және басқа да қалаларынан шыққан шеберлердің туындылары ұсынылған, – деді Өзбекстан Суретшілер одағының төрағасы Ибрагим Валиходжаев.

Экспозицияда дәстүрлі реалистік бағыттардан бастап қазіргі заманғы көркемдік эксперименттерге дейінгі Өзбекстанның заманауи бейнелеу өнерінің алуан түрлілігі көрініс тапқан. Көрермендерге түрлі жанрлар мен көркемдік бағыттардағы кескіндеме туындылары ұсынылған.

Көрмеде өзіміздің өнер майталмандарымен бірге, Өзбекстанның халық және еңбек сіңірген суретшілері, Өзбекстан Көркемөнер академиясының академиктері, сондай-ақ көркемөнер саласының көрнекті өкілдері бой көрсетті. Сонымен қатар, жас буын өкілдері де бар.

Өзбекстан суретшілерінің көрмесі келушілерге Өзбекстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнерімен жақынырақ танысып, ел суретшілерінің шығармашылық ізденістерін бағалауға мүмкіндік береді. Көрме экспозициясы екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға және суретшілер арасында кәсіби тұрғыда тәжірибе алмасуға жол ашады деген сенім бар.

Аталмыш көрме Алматы қаласының музейлер бірлестігіне қарасты Almaty Gallery төрінде 14 қыркүйекке дейін тұрады.

Нұржамал ӘЛІШ.


Суреттер: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Үміт кемесі



Жеңістің құны



Карикатураны салған Ғалым СМАҒУЛҒҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 536,18 теңге

\$ USD/KZT 464,02 теңге

₽ RUB/KZT 5,54 теңге

¥ CNY/KZT 68,83 теңге